шащих детей и детей с нарушениями слуха: предельная наполняемость класса не должна превышать 20 человек; в одном классе должно обучаться не более 2–3 детей с КИ; количество учеников должно уменьшиться на 3 единицы, если в нем обучается 1 ребенок с КИ, на 6 – если 2 и т.д..

6. Оценка эффективности кохлеарной имплантации.

L.Migirov с соавт. обобщили результаты проведения КИ у 300 детей, 61 из которых были младше 2 лет. По данным авторов большие осложнения (паралич лицевого нерва, неправильное введение электрода, реакция на инородное тело, несостоятельность лоскутов, экструзия импланта и холестеатома) встречались редко – в 3% случаев. При этом наиболее частым малым осложнением явилось расстройство равновесия после операции. У детей младшего возраста чаще наблюдалось смещение импланта. В целом повторное вмешательство с эксклантацией потребовалось в 2% случаев, а хирургическая тактика у детей мало чем отличается от таковой у взрослых /20/.

М.Ленхардт обращала внимание на то, что часть неудачных исходов операции связана с техническими факторами, например поломкой внутренней части устройства, что может потребовать замены импланта, или отказом одного из электродов, что требует перепрограммирования внешней части устройства. Встречаются также и интраоперационные осложнения, связанные как с неполным дооперационным обследованием пациентов (отсутствие КТ и МРТ данных), так и с отсутствием должного опыта хирурга (что может привести, например, к травме лицевого нерва). Нежелательными кандидатами для КИ являются лица с аудиторной нейропатией, к которой относят функциональные нарушения или патологические изменения в периферическом отделе слухового анализатора. Благоприятными факторами при отборе кандидатов на КИ являются наличие возможности проведения адекватной послеоперационной реабилитации в специальном центре, поддержка родителей и социального окружения /21/.

Процесс слухоречевой реабилитации требует систематической оценки ее результатов, поэтому специалисты должны владеть различными методиками обследования слуха и речи детей с КИ раннего, дошкольного

и школьного возраста /22;23/. Например, в Санкт-Петербургском НИИ уха, горла, носа и речи была разработана русскоязычная версия методики оценки слухового и речевого развития EARS – «Evaluation of auditory responses on speech», разработанная группой специалистов фирмы MED-EL (Австрия) [24–26]. Практика применения методики продемонстрировала высокую эффективность методики для оценки слухоречевого развития детей с КИ. Там же для оценки слухового восприятия детей раннего и младшего дошкольного возраста была разработана русскоязычная версия анкеты для родителей LittleEARS /27–29/.

Помимо применения различных шкал для наблюдения за развитием слухового восприятия и коммуникации детей с КИ, можно проводить мероприятия по оценке качества оказания образовательных услуг детям с КИ в общеобразовательных и специальных садах и школах (совместно с Департаментом образования и родителями детей с КИ).

7. Техническая поддержка на этапе слухоречевой реабилитации.

Обязательным условием для эффективной реабилитации детей с КИ является наличие в медицинских учреждениях, где проводятся операции, подготовленных кадров и аппаратуры для осуществления всего комплекса мероприятий: от диагностики до многопрофильной реабилитации.

Организация, где проводятся хирургические операции, должна быть оснащена специально подготовленными помещениями и аппаратурой для всех видов диагностического обследования: тональной пороговой аудиометрии, акустической импедансометрии, аудиометрии по СВП, регистрации вызванной отоакустической эмиссии, промонториального теста, оценки эффективности слухопротезирования с помощью СА, оценки состояния развития слухового восприятия, уровня сформированности речи и других высших психических функций, оценки соматического и психоневрологического статуса пациента, компьютерной и магнитно-резонансной томографии, электроэнцефалографии и т.д. /17/. В течение всей жизни должно быть организовано обеспечение пациентов новыми совершенными моделями речевого процессора и новыми алгоритмами обработки речи.

8. Информационная база данных программы кохлеарной имплантации.

Для управления и контроля эффективности Государственной программы кохлеарной имплантации необходимо создать единую базу данных, в которой должны аккумулироваться все сведения об отборе кандидатов на КИ, психолого-педагогическом сопровождении в процессе слухоречевой реабилитации и обучении в детских садах и школах, готовности детей с КИ к обучению в общеобразовательных организациях, потребностях детей в технической поддержке, эффективности проведенных операций, наблюдении имплантированных пациентов в течение всей их жизни.

#### ЛИТЕРАТУРА

1. Кириллова И.П., Шарманжинова Т.Д. Сравнительный анализ слухового восприятия у больных с тотальной глухотой при использовании кохлеарного импланта Nucleus // Тезисы докладов IV-го межд. симпозиума “Современные проблемы физиологии и патологии слуха” - Суздаль, 19-21 июня 2001 г.

2. Cochlear implant rehabilitation in children and adults / Ed D.Allum. London: Whurr Publishers, 1995.

3. Carlyon R, Long C, Deeks J, McKay CM. (2007). Concurrent sound segregation in electric and acoustic hearing. *J Assoc Res Otolaryngol*, 8(1), 119-33.

4. Ereat N. Newborn. Hearing Screening Diagnosis and Intervention // 2nd International conference on newborn hearing screening, diagnosis, and intervention (NHS 2002).

5. White K. The current status of EHDI programs in the United States // *Ment Retard Dev Disabil Res Rev.* – 2003. №9.

6. Year 2007 Position Statement: Principles and Guidelines for Early Hearing Detection and Intervention Programs // *PEDIATRICS.* - Vol. 120. - №.4 - October 2007.

7. «Об утверждении Правил организации скрининга психофизических нарушений у детей раннего возраста» // Приказ МЗ РК от 29.01.2003 года №83.

8. Сулейменова Р.А., Ерменова М.Р. Скрининговое обследование слуха новорожденных

и детей раннего возраста. Методические рекомендации. – Алматы, 2008.

9. Рахманова И.В., Богомильский М.Р., Лазаревич А.А., Сапожников Я.М. Проблемы и особенности диагностики нарушений слуховой функции у недоношенных новорожденных детей с перинатальной патологией // *Вестник оториноларингологии.* - 2009. - № 2.

10. Morton C.C., Nance W.E. Newborn hearing screening: a silent revolution. - *N Engl J Med.* – 2006. - №354.

11. Surgical concepts for cochlea implantation in young and very young children // J. Helms, J. Mueller, F. Schoen et al. / *Adv Otorhinolaryngol.* – 2000. – Vol. 57.

12. Waltzman Susan B. et al. Cochlear Implantation in Children Younger Than 12 Months // *Pediatrics.* - 2005; 116.

13. Альтман Я.А., Таварткиладзе Г.А. Руководство по аудиологии. - М., 2003.

14. Таварткиладзе Г.А. Кохлеарная имплантация. - М., 2000.

15. Королева И.В. Отбор кандидатов на кохлеарную имплантацию. -СПб., 2006.

16. Сулейменова Р.А., Ерменова М.Р. Комплексное обследование и отбор пациентов-кандидатов на кохлеарную имплантацию. – Алматы, 2008.

17. Королева И.В. Кохлеарная имплантация глухих детей и взрослых (электродное протезирование слуха). - СПб., 2008.

18. Королева И.В. Развитие слуха и речи у глухих детей раннего и дошкольного возраста после кохлеарной имплантации. - СПб., 2008.

19. Зонтова О.В. Коррекционно-педагогическая помощь детям после кохлеарной имплантации. – СПб., 2007.

20. Surgical and medical complications in paediatric cochlear implantation: a review of 300 cases // L.Migirov, C.Muchnik, R.Kaplan-Neeman et al. / *Cochlear Implants Int.* – 2006. – Vol. 7, №4.

21. М.Ленхардт. Доклад на 1-й Национальном конгрессе аудиологов России (8-11 июня 2004 г., г. Суздаль).

22. Archbold S., Lutman M.E., Nikolopoulos T.P. Category of auditory performance: inter - user reliability // *Brit. J. Audiology.* - 1998. - Vol.32. - №10.

23. Mo B., Lindbaek M., Harris S. Cochlear

implants and quality of life: A prospective study // Ear and Hear. - 2005. - Vol. 26.

24. Allum D.J., Allum J.H.J., Baumgartner W. et al. Multi-language international perceptual test battery for comparing performance of children in different countries: Evaluation of auditory responses to speech (EARS) // 3<sup>rd</sup> Europ. Symp. Pediatr. Coch. Implantation. Hannover, Germany, 2003.

25. Королева И.В., Дмитриева И.В. Проблема оценки слухового и речевого развития детей с кохлеарными имплантами: русскоязычная версия методики EARS // Новости оториноларинг. и логопатол. Прил. № 1. - 1999.

26. Королева И.В., Anderson I., Brachmaier J. Оценка слухоречевого развития детей с кохле-

арными имплантами // Матер. 6-го междунар. симп. «Современные проблемы физиологии и патологии слуха». - М., 2007.

27. Weichbold V., Tsiakpini L., Coninx F., D'Haese P. Konstruktion eines Eltern-Fragebogens zur Entwicklung des auditiven Verhaltens von Kleinkindern bis zuzwei Jahren // HNO. - 2005. - Vol. 84.

28. Старикова Т.В., Королева И.В. Развитие слухового и слухоречевого восприятия у детей раннего возраста // Матер. Межинститутской конф. молодых ученых. - СПб., 2007.

29. Robbins A.M, Osberger M.J: Meaningful Use of Speech Scale, Indiana University School of Medicine, 1991.

Г. Б. ИБАТОВА

### АРНАЙЫ БАЛАЛАР БАҚШАСЫНДА ТҮЗЕТЕ-ДАМЫТУ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ

#### *Аннотация*

*Мақалада сөйлеу мүмкіндіктері шектеулі балаларға арналған балалар бақшасындағы түзете-дамыту процесінің ұйымдастырылуы қарастырылған.*

*В статье рассматривается организация коррекционно-развивающего процесса в специальном детском саду для детей с тяжелыми нарушениями речи.*

#### *Annotation*

*The article discusses the organization of Correction and Development process in a special kindergarten for children with severe speech disorders.*

*Түйін сөздер: артикуляция мүшелері, ақаулық, сөйлеу тілі, жалпы сөйлеу тілінің дамымауы.*

Қазіргі таңда сөйлеу тілінің кемістіктері бар балалардың саны көбеюде. Оларға арнайы көмек мектепке дейінгі арнайы оқыту және тәрбиелеу мекемелерінде («Түзеу үлгісіндегі сөйлеу мүмкіндіктері шектеулі балаларға арналған балабақшаларда») көрсетіледі.

Сөйлеу тілінде ауқымды немесе күрделі бұзылыстары бар балаларға арналған мектепке дейінгі білім беру мекемесіне алалиямен, афазиямен, ринолалиямен, дизартриямен күрделенген жалпы сөйлеу тілінің дамымау деңгейі әртүрлі балалар қабылданады. Мектеп жасына дейінгі баланың сөйлеу тілі дамымауын ерте айқындап, арнайы оқыту барысында 3-4 жылда бұзылысты түзетіп, мектепке дайындауға мүмкіндік береді.

2009ж. ҚР МЖМБС мектепке дейінгі мекемелердің бәріне міндетті төмендегідей білім беру салаларын белгілеп отыр: «Денсаулық», «Қатынас», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеуметтік орта». Жалпы сөйлеу тілі дамымаған балаларда, қатынас құралы ретіндегі ауызша сөйлеу тілін қалыптастыруды көздейтін, «Қатынас» саласы ерекше орынға ие. Арнайы мектепке дейін білім беру мекемесінің спецификасы ретінде, тұтас оқу-тәрбие процесінде балалардың сөйлеу тілін дамыту болып табылады. Сондықтан барлық білім беру салаларын іске асыру барысында педагогтар, логопедтер күнделікті ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттерінде баланың сөйлеуіне қатысты материалдарды міндетті түрде

еңгізуі тиіс/1/.

Логопед ересектер тобында айналамен танысу және тіл дамыту, дыбыс айту сабақтарын барлық жастарға сай топтарда өткізеді. Мектепке дайындық тобында сауат ашу сабағы қосылады. Ол сабақтарда логопед «Қатынас», «Таным», «Әлеуметтік орта» салаларының мазмұнын қамтиды. Осылай, логопедтің сабақтары да, интеграциялық сипат алып отырады/2/.

Дыбыс айту және тіл дамыту сабақтарында сөйлеу тілінің фонетикалық жағы ғана жетіліп қоймай, балаларға сауаттылықтың негізін оқыту бойынша жұмыс жүргізіледі: фонематикалық естуі дамиды, дыбыстық талдау жинақтаудың ойлау әрекеті қалыптасады.

Сауат ашу сабақтарында фонематикалық қабылдауы, дыбыстық талдау жинақтау дағдылары жетілдіріледі, балалар буындап оқуды меңгереді.

Балаларды ұйымдастыру түрі бойынша логопед топтық, шағын топтық және жеке баламен сабақтар жүргізеді. Топтық сабақтар саны әр жасқа сай құрылған оқу жоспарымен белгіленеді. Шағын топтық және жеке сабақтар сабақ кестесінен тыс өткізіледі. Шағын топтық сабақтарда логопед балаларды топтық сабақтарға дайындайды. Топ құрамын логопед балалардың дайындық деңгейіне сай белгілейді, және өзгертіп отыруы мүмкін. Жеке сабақтар, әдеттегідей, ринолалиясы, дизартриясы бар балалармен сөйлеу тілінің дыбысталу жағын қалыптастыру мақсатында жүргізіледі/3/.

Тәрбиешілер топтық сабақтарды қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру, құрастыру («Таным» саласы), бейнелеу, жапсыру («Шығармашылық» саласы) бойынша жүргізеді.

Осы салаға музыка жетекшісі жүргізетін музыка сабағы да жатады. «Денсаулық» білім саласы бағдарламада дене шынықтыру сабақтары арқылы жүзеге асырылады. Ересектер тобында тәрбиеші жүргізетін, көркем әдебиет сабағы «Қатынас» және «Әлеумет» білім салаларының базалық мазмұнын қамтиды.

Бірінші кішкентайлар тобына ең алдымен 2-3 жастағы сөйлемейтін балалар қабылданады. Олардың ішінде сөйлеу тілі кешеуілдеп дамыған (СТК) және ЖСТД- 1 деңгейіндегі балалар болуы мүмкін. Топтағы бала саны – 10 балаға дейін.

Бұл жағдайлардың дифференциалды диагностикасы, психикалық және сөйлеу тілі даму процестерінің бұзылыстарын талдау, біріншілік бұзылыспен (ақаулықпен), оның салдарын сәйкестеуден, негізгі бұзылысты «сөйлеу тілі немесе зияттың бұзылуын» айқындау. Балалардың анамнезімен танысып, «құрсақтағы кезеңде, туылғанда, немесе өмірінің алғашқы жылдарында пайда болған» бас миының жетілуіндегі ақаулықтарды, суық тиіп ауырғанды айқындау маңызды. Балалардың сөйлеу қабілетінің дамуына өмір тәжірибесі көрсеткендей, көбінесе әлеуметтік қолайсыздық фоны (отбасындағы жағымсыз жағдайлар, тәрбиелеудің әдістерін дұрыс қолданбау, екі тілде сөйлеу) өз ықпалын тигізеді. Бірақ барлық балалар тілінің кеш шығуы барлық бүлдіршіндерге тән.

Түзете - оқыту барысы, баланың табиғи түрде сөйлеу тілінің кешеуілдеп шығуын, жалпы сөйлеу тілі дамымай өтіп жатқан кезден айыруға мүмкіндік береді/4/.

Таблица 1. Бірінші кішкентайлар тобының оқу жоспары

№	Оқыту жұмысының түрлері	Логопед	Тәрбиеші	Музыка жетекшісі
1.	<b>Денсаулық.</b> Дене тәрбиесі		2	
2	<b>Қатынас.</b> Тіл дамыту.	2		
3.	<b>Таным</b> Айналамен танысу		1	
4.	<b>Шығармашылық.</b> Музыкалық тәрбие. Бейнелеу . Мүсіндеу. Жапсыру. Құрастыру.		0,5 0,5 0,5 0,5	2



Барлығы: 9 сабақ, ұзақтығы 10-15 мин.

Логопед балалармен күнделікті жеке және шағын топтық сабақ өткізеді. Сабақтардың ұзақтығы 10-15 минуттан аспауы тиіс. Шағын топпен өтетін сабақтағы балалар санын логопед өзі белгілейді. Әр баламен аптасына 3 рет жеке сабақтар өткізіледі

Сабақтардың негізгі формасы – ойын. Ойын кезінде сөйлеу тілінің себептік негізі қаланады. Логопедтің әрбір сабағы топтағы тәрбиешілермен бірлескен түрде ақылдасып ұйымдастырылады.

Сөйлеу тілі лексикалық тақырыптарға байланысты қалыптастырылады. («Ойыншықтар», «Жануарлар», «Көкөністер», «Жемістер», «Отбасы») және т.б. тақырыптармен біріктірілген сөздер легімен танысу, балалардың берілген сөздерді дұрыс айтып, есте сақтауын жеңілдетеді. Тақырыптар арнайы балабақшада оқыту барысында қайталанады, соның арқасында әрбір тақырып бойынша балалардың алатын білімі мен қосымша мағлұмат көлемі өседі, күрделі сөйлеу құралдарын меңгеруге мүмкіндік туады. Логопед балалардың сөйлеу тілінің грамматикалық құрылымын (сөзжасам, сөзөзгерту, сөйлем құру дағдылары) жетілдіру жұмыстарын тиянақты, міндетті түрде жүргізеді. Септіктерді игеру кезегі әр топта әртүрлі болуы тиіс. Ол әр топ балаларының сөйлеу тілі дамуының деңгейіне, септік жалғауларды қолдану біліктеріне байланысты күрделеніп отырады. Мысалы, 1-ші кішкентайлар тобында Атау, Барыс, Жатыс септіктері жаңа ұсынылса, 2-ші кішкентайлар тобында Атау септігі толық меңгертіліп, Барыс, Жатыс септіктері жетілдіріледі, Ілік септігі жаңа ұсынылады. Әр тақырыпты өтуге 2-4 аптаға дейін уақыт бөлінеді.

Логопедтің және тәрбиешінің сабақтары параллельді түрде шағын топтармен 10.00-ге дейін өткізіледі. Басқа уақытта логопед жеке баламен жұмыс жасайды. Күннің екінші жартысында тәрбиеші логопедтің тапсырмалары бойынша жеке жұмыс жүргізеді: балалардың сөйлеу біліктерін жетілдіреді, зейін, есте сақтау, ой-өрісін, ойлауын, қолдың ұсақ моторикасын дамытумен айналысады.

Күннің екінші жартысында дефектолог, музыка жетекшісі жұмыс жасауы мүмкін, дене тәрбиесі сабақтары болады.

Балалардың топта болған кезінде, оларға қолайлы жағдай жасалуы керек, балалардың сөйлеуіндегі немесе тәртібіндегі сәл де болса, жетістіктерді мадақтап отырған дұрыс.

Ересектердің балалармен қатынасы баламен

ана арасындағыдай болуы керек, ол эмоциональді- жағымды психологиялық жағдай орнатуға мүмкіндік береді.

Жеке сабақтардың ұзақтығы балалардың сөйлеу мүмкіндіктеріне байланысты (15 мин. дейін). Логопедиялық сабақтың төмендегідей құрылымы ұсынылады:

1. Ұйымдастыру кезеңі.
2. Психикалық процестерді (қабылдау, көріп және естіп қабылдау, есте сақтау, ойлау) дамыту.
3. Сөйлеу тілін түсінуін дамытуға арналған жаттығулар.
4. Балалардың сөйлеу мүмкіндігін жандандыру.
5. Артикуляция мүшелерін белсенділікке икемдеу.
6. Дауысты және кейбір дауыссыз дыбыстарды айту.
7. Жалпы және ұсақ моториканы дамыту.

Бірінші кішкентайлар тобындағы оқыту - балалардың ересектермен, құрдастарымен қатынасқа түсу дағдысын меңгерумен аяқталады/5/.

Жалпы сөйлеу тілі дамымаған балалар екінші кішкентайлар тобына, 3жастан бастап қабылданады. Олар 1-ші және 2-ші деңгейдегі сөйлеу тілі дамымаған, сөйлеу тілі бұзылған балалар болып келеді. Топтағы балалар саны 12-ден артық болмауы керек.

Сөйлеу тілін қалыптастыру кесте бойынша өтетін сабақтарда, дидактикалық және қимылды ойындар жүргізу барысында, күн тәртібінің барлық кезеңдерін қамтиды: серуенге киіну мен шешіну, еңбек іс-әрекеті, өзіне-өзі қызмет көрсету т.б. Логопедиялық сабақтардың негізгі түрі – шағын топтық сабақтар. Әр шағын топта сөйлеу тілі дамуының 1-ші және 2-ші деңгейіндегі балалар болғаны жөн. 2-ші деңгейдегі балалардың сөйлеу тілі 1-ші деңгейдегі балаларға үлгі болады. Балалардың жеке бас ерекшеліктерін де, топтарды құрған кезде ескерген дұрыс. Топтардағы бала саны мен сапалық құрамын өзгертіп отыруға болады.

Жеке сабақтар оқытудың алғашқы айында жаңадан келген баламен қатынасты орнату және оның сөйлеу мүмкіндіктерін анықтау үшін қажет. Сабақтарға дайындалу кезінде, логопед пен тәрбиеші балалардың сабақтарға оң көзқараспен қарап, олардың сөйлеу әрекетін жандандыруға арналған тәсілдердің қызықты да тартымды болуын қарастырулары қажет.

Екінші кішкентайлар тобында білім беру са-

лаларына «Әлеуметтік орта» саласы қосылады, барлық сабақтарда іске асырылады. оның мазмұны логопед және тәрбиеші өткізетін

Таблица 2. 2-ші кішкентайлар тобының оқу жоспары.

№	Оқыту жұмысының түрлері.	Логопед	Тәрбиеші	Музыка жетекшісі
1.	<b>Денсаулық.</b> Дене тәрбиесі		2	
2.	<b>Қатынас.</b> Тіл дамыту.	4		
3.	<b>Таным.</b> Айналамен танысу Математикадан дидактикалық ойындар		1 0,5	
4.	<b>Шығармашылық.</b> Бейнелеу өнері Мүсіндеу . Жапсыру Құрастыру. Музыкалық тәрбие.		1 1 0,5 0,5	2

Барлығы: 12,5 сабақ, ұзақтығы 15-20мин.

Жеке сабақтар әр баламен аптасына 3рет жүргізіледі, қосымша шағын топтық сабақтар санын логопед өзі белгілейді.

Ортаңғы топқа 4-жастан бастап сөйлеу тілінің «Жалпы сөйлеу тілі дамымауының екінші- үшінші деңгейі» деген қорытындысы бар балалар қабылданады. Топтағы балалар саны 12 балаға дейін. Ортаңғы топта математикадан дидактикалық ойындар орнына қарапайым математикалық түсініктерін қалыптастыру сабағы еңгізіледі. Екі аптада бір рет тәрбиеші балалардың ойын әрекетін, сөйлеу тілін дамытатын және қатынас дағдыларын қалыптастыратын сюжетті-ролді ойын бойынша сабақ жүргізеді. Бұл ойын балалар тобымен өткізілген соң, олардың қатынастырының дамуына тигізетін ықпалы зор. Логопед жеке балалармен жеке сабақ, тіл дамыту сабақтарын шағын топпен және топпен сабақтар жүргізеді. Логопед балалардың сөйлеу тілінің грамматикалық құрылымын

(сөзжасам, сөзөзгерту, сөйлем құру дағдылары) жетілдіру жұмыстарын тиянақты және міндетті түрде жүргізеді. Септіктерді меңгерту кезектілігі әр топта әр қалай өтілуі тиіс. Ол әр топ балаларының сөйлеу тілі дамуының деңгейіне, септік жалғауларды қолдану біліктеріне байланысты күрделеніп отырады. Мысалы, 2-ші кішкентайлар тобында меңгерілген Ілік септігі ортаңғы топта жетілдіріледі, ал Табыс, Көмектес септіктері жана ұсынылады.

Мақсаттарды жүзеге асыру үшін, төмендегідей міндеттер алынады:

- балалардың енжар және белсенді сөз қорын жалпы қолданыс аумағындағы зат есім, сын есім, етістіктер сөздерімен толықтырып ұлғайту;

- тілдің грамматикалық құралдарын жандандыру;

Шағын топтық және жеке сабақтарға оқу материалын толық меңгермеген және қосымша жаттығуларды қажет ететін балалар алынады.

Таблица 3. Ортаңғы топтың оқу жоспары.

№	Оқыту жұмысының түрлері	Логопед	Тәрбиеші	Музыка жетекшісі
1.	<b>Денсаулық.</b> Дене тәрбиесі.	4	2	
2.	<b>Қатынас</b> Тіл дамыту			
3.	<b>Таным.</b> Айналамен таныстыру Қарапайым математикалық түсініктерін қалыптастыру.		1 1	
4.	<b>Шығармашылық.</b> Бейнелеу өнері Мүсіндеу Жапсыру Құрастыру Музыкалық тәрбие.		1 1 0,5 0,5	2
5.	<b>Әлеуметтік орта</b>		0,5	

Барлығы: 13,5 сабақ. Ұзақтығы 20-25мин

Әр баламен жеке сабақ аптасына 3 реттен кем емес өткізіледі. Шағын топтық сабақтар санын логопед өзі белгілейді.

Балалар ересектер тобына 5 жастан, «жалпы сөйлеу тілі дамымаған 3-ші деңгей» (2-ші деңгейдің соңы-3-ші деңгейдің басы болуы мүмкін) қорытындыларымен қабылданады.

Топтағы балалар саны -12. Тәрбиеші 2 аптада 1 рет, балалардың ойындық іс -әрекетін, сөйлеу тілін дамыту мен қатынас дағдыларын қалыптастыруға сюжетті-рольді ойындар бойынша сабақ жүргізеді. Бұл ойындар жалпы топпен өткізілетін болған соң, олардың қатынас құзыреттілігінің дамуына ықпалы зор.

Логопедиялық сабақтарды өткізу үшін, сөйлеу тілі дамуының деңгейін ескеріп, топты екі шағын топқа бөлу тиімді болады.

Шағын топтық, жеке сабақтарға оқу материалын толық меңгермеген және қосымша жаттығуларды қажет ететін балалар алынады.

Логопед төмендегі бағытта топтық сабақтар өткізеді:

- сөйлеу тілі мен байланыстырып сөйлеудің лексика-грамматикалық құралдарын қалыптастыру
- дыбысты айтуды қалыптастыру

Дыбыс айтуды түзету бойынша жеке сабақтар жүргізіледі. Жеке сабақтарға әр бала аптасына 3 рет алынады.

Оқу жылының алғашқы 1-2 апталарында дыбыс айту бойынша топтық сабақтар өткізбеуге болады, себебі балалардың дыбыс айту жағдайы біртұтас топпен дыбысты машықтандыру мен оларды ажыратып өтуге мүмкіндік бермейді. Жалпы топтық сабақтарға, осы ересектер тобында меңгерген, айтылуы игерілген дыбыстар ғана алынады.

Сөйлеу тілінің лексика-грамматикалық құралдарын қалыптастыру мен байланыстырып сөйлеуді дамыту сабақтары логопедтің қалауы бойынша, алғашқы 1-2 айда аптасына 2-3 рет жүргізіледі. Біртіндеп топтық сабақтар саны аптасына 5-ке дейін жеткізіледі. Мысалы, 3 сабақ сөйлеу тілінің лексика-грамматикалық құралдарын түзетуге мен байланыстырып сөйлеуге, 2 сабақ дыбыс айтуды қалыптастыруға арналады. Оқыту кезеңінің аяғында, баланың байланыстырып сөйлеуін дамытуға көп көңіл бөлінеді. Балалардың сөйлеу тілінің грамматикалық жағын (сөзжасам, сөз өзгерту, сөйлем құрау дағдылары) жетілдіру жұмыстарын логопед міндетті түрде тиянақты

өткізіп тұруы тиіс. Септіктерді меңгерту кезегі әр топта әрқалай болуы мүмкін. Ол, әр топ балаларының сөйлеу тілі даму ерекшелігіне, септік жалғауларын қолдану аясына байланысты, өзгеріп отырады. Мысалы, ортаңғы топта меңгерілген Табыс, Көмектес септіктері ересектер тобында жетілдіріліп, Шығыс септігі жаңадан ұсынылады.

Мақсатты жүзеге асыру үшін төмендегі

міндеттер алынады:

балалардың енжар және белсенді сөз қорын жалпы қолданыстағызат есімдер, етістіктер, сын есім, сан есім, есімдік, устеу, шылау сөздері арқылы молайту;

- тілдің грамматикалық құралдарын белсенділеу;

Таблица 4. Ересектер тобының оқу жоспары.

№	Оқыту жұмысының түрлері	Логопед	Тәрбиеші	Музыка жетекшісі
1	<b>Денсаулық.</b> Дене тәрбиесі		3	
2	<b>Қатынас</b> Тіл дамыту Дыбыс айту Көркем әдебиет	5	1	
3.	<b>Таным.</b> Айналамен таныстыру Қарапайым математикалық түсініктерін қалыптастыру.		1 1	
4.	<b>Шығармашылық.</b> Бейнелеу өнері. Мүсіндеу Жапсыру Құрастыру Музыкалық тәрбие.		1 1 0,5 0,5	2
5.	<b>Әлеуметтік орта</b>		0,5	

Барлығы: аптасына 16,5 сабақ, ұзақтығы 25-30 мин.

Тәрбиеші, сабақтардың кейбіреуін күннің екінші жартысына қояды. Ол, логопедтің тапсырмасы бойынша, түстен кейін (балалардың қолының ұсақ бұлшық еттерін, ой-өрісін дамыту, қойылған дыбыстарды машықтандыру, ертеңгі өтетін сабақтың сөздігіндегі жаңа сөздермен таныстыру) жұмысын өткізеді. Тәрбиешінің бұл сабақтарға алатын балаларының саны 6-дан аспауы қажет.

Мектепалды даярлық тобындағы балаларға арнайы білім беру қыркүйек айынан бастап, маусым айына дейін жүзеге асырылады. Сабақтарды

логопедпен тәрбиеші апта бойы жүргізеді. Логопедиялық сабақтар балаларды ұйымдастыру бойынша мынадай түрлерге бөлінеді: топтық (шағын топтық) және жеке. Топтық (шағын топтық) сабақтардың ұзақтығы 25-30 минут, жеке сабақтардың ұзақтығы 15-20 минутты құрайды.

Топтық логопедиялық сабақтар төмендегідей бағыттарда жүргізіледі:

- тілдің лексика-грамматикалық құралдарын қалыптастыру, байланыстырып сөйлеуін дамыту;
- дыбыс айтуын қалыптастыру;
- сауат ашу.



Таблица 5. Оқу жоспары

№	Оқыту жұмысының түрлері	Логопед	Тәрбиеші	Музыка жетекшісі
1	<b>Денсаулық.</b> Дене тәрбиесі		2	
2	<b>Қатынас</b> Тіл дамыту Дыбыс айту Сауат ашу  Көркем әдебиет	5	1	
3.	<b>Таным.</b> Айналамен таныстыру Қарапайым математикалық түсініктерін қалыптастыру.		1 1	
4.	<b>Шығармашылық.</b> Бейнелеу өнері. Мүсіндеу Жапсыру Құрастыру Музыкалық тәрбие.		2 1 1 1	2
5.	<b>Әлеуметтік орта</b>		0,5	

Барлығы: аптасына 17,5 сабақ, ұзақтығы 25-30 мин.

Логопедтің сабақтары таңертең бірінші кезекте, тәрбиешінің сабақтары одан кейін, ал тәрбиешінің кейбір сабақтары – күннің екінші жартысында немесе серуенге дейін және серуеннен кейін жүргізіледі.

Логопедиялық жұмыс 13.00-ге дейін жоспарланады.

Күннің екінші жартысында, тәрбиеші логопедтің тапсырмасы бойынша 30 минут түзету жұмыстарын өткізеді.

Мектепалды даярлық тобында оқытудың басты міндеттерінің бірі – балалардың байланыстырып сөйлеуін ары қарай жетілдіру (диалог пен монолог түрлері). Бұл міндетті іске асыру үшін, сөз қорын анықтау мен молайту сөйлеу тілінің грамматикалық құрылымын жетілдіру, сөзжасам түрлері мен сөз өзгерту тәсілдерін практикалық түрде меңгерту бойынша жұмыс жүргізіледі. Балалардың сөйлеу тілінің грамматикалық құрылымын (сөзжасам, сөзөзгерту, сөйлем құрау дағдылары) жетілдіру жұмыстарымен логопед міндетті түрде айна-

лысады. Септіктерді меңгерту кезегі әр топта әр қалай болады. Ол әр топ балаларының сөйлеу тілі дамуының деңгейіне, септік жалғауларын қолдану аясына байланысты өзгеріп отырады. Мысалы, ересектер тобында меңгерілген Шығыс септігі, мектеп алды даярлық тобында жетілдіріліп, барлық септіктердің жалғауларын дұрыс қолдану талап етіледі/6/.

Дыбыс айтуды қалыптастыру, естіп қабылдауды жетілдіру, дыбыстық талдау мен жинақтау дағдыларын дамыту, сауат ашу бойынша жұмыстар жалғастырылады. Балалардың ересектермен және өзара диалогқа түсу қатынасы жетілдіріледі. Балалар берілген сұрақтарға жауаптарды толық және ойын түйіндеп айтуға, сөйлем мүшелеріне сұрақтар қоюға үйренеді. (бастауыш, баяндауыш, толықтауыш, анықтауышқа және т.б.). Олар, тіл дамыту мен көркем әдебиет сабақтарында естіген ертегілері, әңгімелеріндегі кейіпкерлердің іс-әрекеттеріне барабар баға беріп үйренеді. Бейнелеу, мүсіндеу, жапсыру сабақтарында балалар өз жолдастарының да жұмыстарын бағалайды. Осылай балалар қатынастың кезкелген ситуа-

циядан (жағдайдан) тыс дара тұлғалық түрін біртіндеп меңгереді.

Түзеу үлгісіндегі сөйлеу мүмкіндіктері шектеулі балаларға арналған арнайы балабақшаларда түзете-дамыту процесін осылай жоспарлап, жүйелі және тиянақты түрде ұйымдастырғанда оңды нәтижелерге қол жеткізуге әбден болады.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. ҚР Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты, 2009ж.
2. Грушевская М.С. Недоразвитие речи у младших школьников и его преодоление - Алма-Ата, Мектеп, 1989ж.
3. Левина Р.Е. Характеристика общего не-

доразвития речи у детей. // Основы теории и практики логопедии. – М., 1968. 82-84б.

4. Ибатова Г.Б. Мектепке дейінгі балаларда кездесетін сөйлеу тілінің кемшіліктері, Педагогика және психология Ғылыми-әдістемелік журнал Абай атындағы ҚазҰПУ, №1(2) 2009ж.,132б.

5. Ибатова Г.Б. Жалпы сөйлеу тілі дамымаған балалардың сөзжасам дағдыларын тексеру әдістері. Хабаршы, «Арнайы педагогика» сериясы, Алматы, ҚазҰПУ, №1(12) 2008ж., 51 б.

6. Ибатова Г.Б., Қилыбаева А.М., Жалпы сөйлеу тілі дамымаған балалардың сөйлеу тілінің грамматикалық жағын тексеру, Хабаршы, «Арнайы педагогика» сериясы, Алматы, ҚазҰПУ, №4 (19) 2009ж.,50 б.

Г.Б. НИЕТБАЕВА

### БАЛАНЫҢ ПСИХИКАЛЫҚ ДЕНСАУЛЫҒЫНА ӘСЕР ЕТЕТІН МЕКТЕПТЕГІ ЫҚПАЛДЫҢ НЕГІЗІ

#### Аннотация

*В данной статье рассматриваются школьные факторы риска влияющие на психическое здоровье детей. Наряду с генетическими, экономическими факторами раскрыты такие явления в школе как, стрессовая педагогическая тактика, интенсификация учебного процесса, несоответствие методики и технологии обучения возрастным и функциональным возможностям детей, функциональная неграмотность педагога.*

*Бұл мақалада қазіргі кезеңдегі мектептегі баланың психикалық денсаулығына әсер ететін ықпалдар қарастырылады. Олардың бірі болып педагогтың есеңгірететін тәсілдері, білім үрдісін қарқындыру, оқыту әдістері мен технологияларының жас ерекшеліктеріне және бала мүмкіншіліктеріне сәйкес келмеуі, оқу қызметі жүйелі түрде ұйымдастырылмауы, мұғалімнің қызметте сауатсыздығы, денсаулық және денсаулық өмір салтын қалыптастыру жүйесінің болмауы көрсетілген.*

#### Annotation

*In the given article school risk factors influence on mental health of children are considered. Children as their parents, suffer from fears, superfluous loadings, strong psychological pressure. As a result the child has got a stress. Along with genetic, business factors influencing the child there have been given such phenomena at school as, stressful pedagogical tactics, an intensification of educational process. Necessity of improvement of a psychological climate for the staff is considered, Uneasiness decrease teachers, self-appraisal and self-trust have to be increased.*

*Түйін сөздер: күйзеліс, психологиялық қысым, психогендік ықпал, психикалық денсаулық, оқыту технологиясы, өзін-өзі көрсету, өзін-өзі іске асыру.*

Осыдан жиырма жыл бұрын «баланың күйзелісі» деген түсінік қоғамымызда кездеспеген. Қазіргі кезеңдегі ғылыми зерттеулердің көрсеткішінде, бала да ата-анасы секілді қорқыныштан, артылған міндеттен, психологиялық қысымнан күйзеледі. Бұл көрсеткіштің себебі түрлі болуы мүмкін, мысалы

жақын туыс адамнан айрылу, ата-ананың ажырасуы, қымбат затын жоғалту, мектеп ауыстыру, балаға жақын адамның балаға деген талабын аса көтеруі.

Ең күшті күйзеліс, ол мектеп күйзелісі. Бүгін мектеп- елеулі психогендік ықпал. Баланың дамуына және психикалық денсаулығына әлеумет-

тік және экологиялық мәселелер үлкен әсер етуде. Сонымен қатар генетикалық ерекшеліктердің орны бар. Дегенмен, баланың психикалық денсаулығына деген кері әсер мектептегі білім алу үрдісіндегі қолайсыз жағдайға байланысты.

Л.Г. Федоренконың пікірі бойынша, алты, жеті жастағы балалар, мектепке келісімен, жан-жақты жүктелімге ұшырайды /1/.

Бала-бақшадағы жайлы жағдайдан, мектептегі бір келкі орналасқан сыныпқа ауысу, далада табиғат ойынға шақырған кезеңде, көп уақыт ыңғайсыз қалыпта отыру, мұғалімнің мінез-құлқында дөрекі сөздердің болуы, сыныптастарының жәбірлі сөздері - баланың психикалық денсаулығына кері әсер беретін жағдайлар болып табылады.

Сонымен қатар, балаға артқан жүктеме: кешікпеу, басқалардан жақсы болу, дұрыс оқу, қатесіз жазу, тапсырманы уақытымен өткізу, ұдайы жетістікке қол жеткізу сезімі баланың психикалық денсаулығына қысым тигізеді.

Соңғы бес жылда, Бүкіл одақтық денсаулықты сақтау ұйымының мәліметі бойынша бастауыш сынып оқушыларының ауруы 25 % -ға, ал жоғарғы сынып оқушыларында созылмалы ауру 50%-ға көбейген. 70% оқушылар мектеп бағдарламасын меңгеруде қиыншылық көреді, әр бесінші оқушының мектеп бітіргенде созылмалы ауруы болса, тек 50% ғана толығынан дені сау, психикасы сау деп көрсетіледі /2/.

Неліктен мектептегі балалар психикалық және психикалық күйзеліске ұшырайды?

Бұл сұраққа әр маман жауап іздеп, әр түрлі тұжырымға келеді. Біреулер әлеуметтік-экономикалық шешімге келеді: тұрмыстың төмен деңгейі, мұғалімнің төмен айлығы. Екіншілері мектеп бағдарламасының ауыр болуы: оқушының сыныпта көп уақыт болып, ауада аз жүруі, дене тәрбиесімен айналыспауы. Келесі мамандардың пікірі бойынша, медициналық қызмет көрсетуінің кемшілігінде десе, басқалары себепті оқыту әдісінен іздейді.

Біздің ойымызша, бұл пікірлердің барлығын қарастырып, баланың психикалық денсаулығына кері әсер беретін ықпалдың санын қарастырмай, осы мәселелердің шешімін іздестіру маңызды болып табылады.

Физиолог М.М. Безруких көптеген жылдар бойы өткізген зерттеу жұмыстары бойынша, мектепте балаға кері әсер беретін ықпалдарды көрсеткен:

- педагогтың есеңгірететін тәсілдері;
- білім үрдісін қарқындыру;

- оқыту әдістері мен технологияларының жас ерекшеліктеріне және бала мүмкіншіліктеріне сәйкес келмеуі;

- оқу қызметі жүйелі түрде ұйымдас-тырылмауы;

- мұғалімнің қызметте сауатсыздығы;

- денсаулық және денсаулық өмір салтын қалыптастыру жүйесінің болмауы.

Физиологтардың пікірінше жоғарғы сыныптағы оқушыларға уақыттың жетпеуі, уақыттың кемшілігі теріс әсер туындатады. Бұл оқытудың әдісі мен технологиясына байланысты. Қазіргі кезеңдегі мектептердегі білімнің жетістігін сапа емес санды көрсеткіштер анықтайды. Білім үрдісін қарқындыру ықпалын қарастыруда, бірнеше бағыттар айқындалады: оқу сағаттар санының көбею, баланың күн тәртібін өзгертіп, дем алу уақытын азайтуы, баланы болдырып шаршауына, алаңдауына әкеледі. Ал, оқу сағаттарының азайып, үй тапсырмасының көбею де баланың шамадан тыс күш салуына әкелуі әбден мүмкін.

Осының салдарынан баланың жай таппауы, дұрыс ұйықтай алмауы, жыламсырауы, зейіннің шоғырланбауы ата-анамен, мұғаліммен бұл белгілер көрінісі еріншектік, оқуды қаламауы, тырыспауы секілді қабылданады.

Жазуға және оқуға үйретуді жеделдету, үздіксіз жазуға үйрету әдісі де баланың психологиялық денсаулығына қауіп тудыруына ықпалын тигізеді. Ал егер, оқу қызметі жүйелі түрде ұйымдастырылмауын қарастырсақ, бұл жерде, үзіліс уақытын азайту, үшінші сабақтан кейін белсенді демалыстың болмауы, өзіндік жұмыстарымен бақылау жұмыстарын бір күнде орындау, бір сабақта 3-4 рет іс-әрекет өзгерту, баланың зейінін аударуға қиындық тудырып, еңбекке қабілеттілігінен айырады, денсаулығы нашарлап, оқуға деген түрткі жойылады. Бала еріншек болып, оқуға деген қызығушылығы кемиді.

Баланың психикасына қауіп тудыратын ықпал ұстаз болуы мүмкін. Ұстаз өз пәнін жақсы біле отыра, баланың жеке, дара және жас ерекшеліктерін, мүмкіншіліктерін ескермеуі кездеседі.

Баланың табысқа жетудегі ыждағаттануы, уақыттың шектелуі, сәтсіздікке ұшырауы, мұғалім мен ата-ананың қанағаттанбаушылығы («Тағы бәрі сені күтуде!», «Сентағы үлгермедің!», «Мына жазуың не?!») баланы әдетте күйзеліске әкеледі. Мұғалімнің баланы кемітуі, елемей, дұшпандық қалыпта болуы, баланы күдіктену, сенбеу, не-

месе дөрекі сөйлесуі, аффективті мінез көрсету, мұғалім тұлғасында невротикалық өзгерістер болуы баланың психикалық денсаулығын микро күйзелістерге әкеліп соғады. Мұғалімнің өз пәнін білім алу жүйесінде ең басты мақсат деп ойлауы, немесе өктемшіл, авторитарлық әдістер қолдануы баланың психикалық денсаулығына қауіп туғызады. Сондықтан осындай ұстаздардың жұмысын ерекше қадағалау қажет.

Әр мектепте баланың білімімен қатар, эмоционалды жайлығын, денсаулығын дамытатын және баланың қызығушылығын қорғауға жауапты ұстаз керек.

Соңғы жылдары ұстаздың психикалық денсаулығы мәселесі ерекше қарастырылуда. Қазіргі кезеңдегі мектептердің тұлғаны бағдарлау үлгісіне байланысты, қоғам мұғалімнің тұлғасына деген талабын күшейтуде.

Әлеуметтік салада мұғалімнің кәсіби іс-әрекеті психологиялық тұрғыда кернеулі болып табылады. Мұғалімнің еңбегі күйзеліске ықпалы артқан мамандықтардың тобына жатады. Жүйке жүйесінің, психиканың кернеулі жағдайда болуы, невротикалық, психосоматикалық ауытқуларға әкелуі мүмкін.

Білім беру мекемесінің тәжірибесінде ұстаздың кәсіби бейімделуінің сәтсіз болу себебі, тұлға белсенділігін ұйымдастыруы мен ішкі күш-қуат қорының сәйкес келмеуі деп қарастырылады /3/. Бұл жағдай ұстазды жағымсыз психикалық күйге ұшыратады. Мұғалім артық шамасынан күш жұмсап қажып, қалжырайды.

Оқушыларға қолайлы жағдай тудыратын, білім беру ортаны жайлы жағдайда ұйымдастыратын – ұстаз. Осыған орай ұстаздың психикалық денсаулығын сақтау жұмысын ұйымдастыру, қазіргі кезеңдегі білім беру жүйесінің өзекті міндеті болып табылады.

Білім беру үрдісіндегі қызметкерлердің кәсіби тұрғыда эмоционалды күйреуінің бірнеше себептері беріледі :

- Ұстаздың қате жіберу мүмкіншілігінің болмауы. Кәсіби сәтсіздікке кезікпеу үшін, мұғалім өз жұмыс уақытын кеңітеді. ( Жұмысты үйге алу және т.б) Сондықтан толық демалып, жұмыстан кейін күш жинау мүмкіншілігінен айырылады.

- Кәсіби мәртебеге қанағаттанбау.

- Жұмыс орындарының қысқару себебінен қызметсіз қалу үрейі.

- Жас мамандар мен өзге мектептен ауы-

сып келген мұғалімдерді кәсіби маман ретінде басшылықтың, әріптестердің бағаламауы.

- Өзін-өзі көрсету, өзін-өзі іске асыру мүмкіншілігінің болмауы.

- Еңбек ету кезеңінде жағымды түрткінің болмауы/4/.

Сонымен, білім беру үрдісінде мұғалімнің психикалық денсаулығын сақтау және нығайтуға мүмкіншілік тудыру қажет. Психоэмоционалды күйді реттеудегі дағдыларды қалыптастырып, эмоционалды күйзелісті педагогикалық қызметте алдын-алу маңызды орын алады.

Қазіргі қоғамымызда болашақ ұрпақты дайындауда әр педагог өз шеберлігін оқу-тәрбие үрдісінде жаңа инновациялық технологияны жетік меңгерумен қатар шығармашылықпен жұмыс жүргізуге тиіс. Егер педагогикалық іс-әрекетте аталған қағидалар ұсталынса, ұстаздар жұмысында психологиялық климат жақсарып, ұстаздың үрейлі, мазасыз сезімі жойылып мұғалімнің өзін-өзі бағалауы және өзіне деген сенімділігі арта түседі.

Психикалық денсаулығы тұрақты, өзіне сенімді, белсенді ұстаз әр уақытта балаға сапалы білім беріп, психологиялық қолайлы жағдай тудыратады.

Біздің ойымызша, мұғалімдерге кәсіби біліктілігін арттыруға, психикалық денсаулығын реттеуге арналған психологиялық жұмыстар, тренинг-семинар сабақтары ұйымдастырылуы қажет.

Бүгінгі талап өткен өмірімізден кеткен қателіктерімізді болдырмау мақсатында, жаңа ұрпақты қалыптастыру мен тәрбиелеу үшін оқытушыларға үлкен жауапкершілікті жүктейді.

Ұрпақтарымыздың парасатты да білікті, мәдениетті де білімді етіп тәрбиелеп, олардың дүниетанымын жалпы азаматтық деңгейде дамыту барысында егеменді елімізде білім алу үрдісі өмірлік зор маңызға ие болып отыр.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Л.Г. Федоренко. Психологическое здоровье в условиях школы.-СПБ.: КАРО, 2003

2. Доклад Комитета экспертов Всемирной организации здравоохранения ( ВОЗ) 2010 года: Психическое здоровье и психосоциальное развитие детей.

3. М.М. Безруких. Здоровьесберегающая школа.-М., 2004.

4. В.С. Мухина. Детская психология.-М., 1999.



Т.Ш. ИСАБЕКОВА

## ТІЛ МЕН ОЙЛАУ ҰҒЫМДАРЫНЫҢ САБАҚТАСТЫҒЫ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС МӘСЕЛЕСІНІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ НЕГІЗІ РЕТІНДЕ

### Аннотация

Бұл мақалада тіл мен ойлау ұғымдарының сабақтастығы қарым-қатынас орнатудың психологиялық негізі ретінде қарастырылған. Қарым-қатынас мәселесі қазіргі кездегі қоғамның дамуында зор мәнге ие болғандығы мәлім.

В статье рассматривается связь речи и мышления как психологической основы общения. В статье предложены различные виды общения для студентов казахскоязычных групп.

### Annotation

The article considers the relationship of speech and thought as a psychological basis of communication. Currently, the problem of communication is very important in the modern society development context. The article suggests the development of various types of communication for students of kazakh-groups.

Түйін сөздер: қарым-қатынас, ойлау, сөйлеу, сабақтастық, коммуникативті, интерактивті, перцептивті қарым-қатынас, психолингвистика.

Тілдің қоғамдық құбылыс ретіндегі және тілдің психологиялық сипаты арасындағы сәйкестік немесе тілде көрініс табатын жүйе мен қабілет арасындағы байланыс олардың динамикалы әрі біріне-бірі ауысып өте беретін өзгешелігіне қатысты болатынын А.А.Леонтьев /1/ көрсеткендей, тілде байқалатын әлеуметтік және психологиялық сәйкестіктер қазіргі психология ғылымында да, қазақ тіл білімінде де, тіл мен ойлаудың арақатынасын, олардың бір-біріне әсерін, адамның сөйлеу әрекеті арқылы айғақталатын болмысын, ерекшелігін танымдық негізде психологиялық тұрғыдан дәйектеуге мүмкіндік беріп отыр. «Психология адамның жанын қарайтын ғылым делініп келеді...», - деп Қ.Жұбанов /2/ айтқандай, тіл адамдардың өзара қарым-қатынас жасау нормаларын жүзеге асырумен қатар, олардың өзге жаратылыс иелерінен табиғи айырмашылығын айқындайтын, ойлау қабілетінің даму деңгейін сипаттайтын өзгеше аксиология болып табылады, сондықтан оның адам «жанын» айғақтайтын қасиеті де, әмбебап құбылыс деп танылады. Тіл арқылы адамзат атаулыны біріктіруге, олардың жеке этникалық ерекшеліктерін сұрыптауға әрі ішкі сырын айқара ашуға немесе жасырып «бүгін қалуға» /3/ болады, сондықтан қазақ тіл білімінің өкілі А.Байтұрсынұлы адамға тән екі ғаламның сабақтастығын дәлелдеу мақсатында оның психологиялық эмоционалды көңіл-күйін қияли танымның, ойлы сезімнің өзегіне айналдыра сипаттады. «Ішкі ғаламның» субъективті

мүмкіндіктерін, өзіндік даму жүйесін анықтауда «тысқы ғаламның» элементтерін ұтымды пайдалана білген ғалым тілдік құралдарды, адамның сөйлеу әрекетін оның ойының жемісі ретінде қарастыра отырып, «жүрек лебі, көңіл құсының сайрауы, жанның тартатын күйі» сынды ұғымдар байланысын жан-жақты зерделеді. «Ойлау екі түрлі: ойлағанда я нәрсеге тиісінше ойлайды, я көңілінің түйісінше ойлайды», дей отырып, тілші адамды қоршаған әлемдегі заттар мен нәрселер табиғатын «сипатты» қабылдаудан өткізе келе, әрқайсысын «бойындағы қасиеттеріне» қарай «жағымды, жағымсыз» әсерлер арқылы таразылады. «Нәрсе түрлі сипатта болады. Ол сипаттардың біреулері бойына біткен сипат болса, екіншілері адамның қосқан, таңған сипаттары болады. Олай болса, адам, ғалым пайымдауынша, сол әсерлер жігін тек «...уытты, лепті, әсерлі, қанды қайнатып, жүрек тулатып, естен айырып, ерікті алып кететін күшті, көрнекті, сәнді, мәнді тіл» арқылы ғана баяндап жеткізе алады немесе кез келген құбылысқа өз қарым-қатынасын білдіру мүмкіндігіне ие болады.

Демек, тіл мен ойлау байланысынан туындайтын психологиялық реңктер, анығырақ айтқанда, «шешен сөз», «толғау» сынды әдеби шығармалар адам – дүние – тіл ұғымдарының «зор іліккен» байланысын уәждейтін психологиялық таным тұрғысынан сұрыпталды. Шешен сөздің «қызметі адамның жүрегін билеп, жүйесін босату, қанын қыздыру, намысын келтіру, арқасын қоздыру» сынды әрекеттерге негізделетіндіктен, бұл

жағдайда «айтушының мақсаты баяндап, сипаттап түсіндірумен қоймай, пікіріне нандыру, сендіру, ұйыту, бұйыту, иман келтіру» /3/ қажеттілігіне саяды, сондықтан, адам өзінің «ішкергі ғаламына» сүйену арқылы толғай отырып, психологиялық мүмкіндіктерін адамтану, қоғамтану, тілтану, табиғаттану бағыттарына жұмсайды. Оның себебін А.Байтұрсынұлы адамның қоршаған әлеммен психофизиологиялық сабақтастыққа түсуі арқылы айғақтады. Ғалымның айтуынша, «Адам дүниедегі көрген-білген нәрселерін тек байқап, тек пікірлеп, тек саңлаулап қана қоймайды. Ол нәрселермен қатар адамның көңіліне күй де жасалады».

«Логика сөйлемі», «психология коммуникациясы», «психологиялық қиялдау» /2/ секілді тіркестерді қолдану негізінде Қ.Жұбанов та «ойды сөзбен білдіру» амалдарын жеке-жеке түсіндіріп көрсетуді мақсат етті. Сөйтіп, тек қазақ тіл білімінде ғана емес, бүкіл әлемдік лингвистикада алғашқылар қатарында «сөйлеуші тас емес, тірі адам, сезімі бар, жүрегі бар адам» деген өзекті де мәнді қорытынды негізінде адамзатқа тән психологиялық ерекшеліктерді, олардың тілдік қатынас арқылы байқалу сипатын, өзін және қоршаған ортаны тану кезінде атқарар маңызды қызметін саралап берді.

Осындай сабақтасқан байланыстың нәтижесінде лингвистиканың бір саласы психолінгвистика дүниеге келді. XX ғасырдың 50-60 жж. бастау алған аталмыш сала психология ғылымының маңызды концепцияларына сүйене қалыптасты, яғни, К.Аханов /4/ көрсеткендей, «...психикалық құбылыстарды, атап айтқанда, түйсік пен қабылдау, елес пен ой, сезім мен тілек, бейімділік пен қабілет, ерік сапалары мен мінез белгілерін зерттейтін» психология лингвистикамен байланыса келе, олардың «сөйлеу үрдісімен» ұштасу ерекшелігін айқындауға мүмкіндік берді. Ол туралы ғалым «Сөйлеу арқылы қарым-қатынас жасау, пікір алысу, біреудің сөзін қабылдау, оны ұғыну үрдісін түсіндіру психологияның жәрдемін керек етеді... Бұлай болатындығы мынадан: тілдік жүйе адам санасында сақталынады, адам бұл жүйенің элементтерін өз ара байланысты элементтер ретінде ұғынады. Заттың біздің санамызда сақталған атауымен байланысы – психикалық байланыс. Заттардың өзіне тән белгілері бойынша аталуы және ол белгілердің тандалып алынуы – психологиялық факт» /4/ деген тұжырым келтірді. Осы кезден бастап, «Тіл білімі тарихи даму барысында психологизм ұстанымдарымен үш рет байланыса отырып, маңызды салалардың қалыптасып дамуын өзектеді. Олар: XIX ғ. 80-жылдарында жас грамматистер бағытының дүниеге келуі; XX ғ.

орта шенінде психолінгвистиканың зерттеле бастауы және XX ғ. 80-жылдарында когнитивтік лингвистиканың дәйектелуі» делінгендей, адам тек белгілі бір қоғамның мүшесі ретінде ғана емес, сонымен қатар алуан түрлі эмоционалды-психикалық белгілердің, мінез-құлықтардың, ішкі заңдылықтардың тұтастығы ретінде зерттеу нысанына айналды.

Психолінгвистика - адамдардың сөйлеу әрекетін оның мінез-құлқындағы өзгешеліктерімен байланыстыра, тілдік тұлға ұғымын жеке психологиялық аспектіде қарастырыра дамып отыратын бағыттардың маңыздысы. Өзге лингвистикалық салалармен бірге психолінгвистиканың да өз қалыптасу тарихы, даму ерекшелігі, қағидалары мен ұстанымдары белгілі болғандықтан, тілдің шығуы, пайда болуы, қызметі немесе құрылымдық ерекшеліктері туралы алғашқы пікірлер кенін біз, ең алдымен, көне заман ойшылдарының еңбектерінен кездестіреміз. «...тіл білімін тек оның материалдық, яғни формалық сипаттарымен шектеп қалуға болмайды», - деп белгілі лингвист Э.Бенвенист дәлелдегендей, психолінгвистиканы тек тіл білімінің ережелерімен ғана емес, сол сияқты психологияның әдіс-тәсілдерімен, дәстүрлі зерттеулерімен байланыстырған дұрыс. Осыған орай, бұл бағыттың негізгі тұжырымды ойлары Л.С.Выготский, А.Р.Лурия, А.Н.Леонтьев, А.А.Леонтьев, Н.И.Жинкин, И.Н.Горелов, К.Ф.Седов, А.А.Залевская, И.А.Зимняя, Л.В.Сахарный, Е.Ф.Тарасов сынды ғалымдардың есімдерімен тығыз байланысты /1/.

«Тіл өсуі ой өсуіне, ой өсуі тіл өсуіне байланысты» деген С.Аманжолов қағидасы адамның ойлай алу қабілетін сөйлеу дағдысымен ұштастыруға, тілдік элементтердің құрылымдық-семантикалық, функционалды-прагматикалық өзгешеліктерін «таза лингвистикалық» талдалармен шектемей, психологиялық ұғымдармен жақындата түсіндіруге себепкер болды /5/. Бүгінгі күні де тілдік зерттеулердің аясы экстралингвистикалық фактілермен толығып, адам психологиясы оның сөйлеу әрекетімен байланыса, қарым-қатынас жасау ұстанымдарымен сабақтаса талданып келеді.

Қарым-қатынас жасау барысында адамдардың әлеуметтік қатынасы жүзеге асады. Қарым-қатынастың бір-бірімен байланысты үш жағын қарастыруға болады. Коммуникативті жағы, мұнда – қарым-қатынас адамдар арасындағы ақпарат алудан тұрады; интерактивті жағы – адамдар арасындағы өзара әсер етуді ұйымдастырудан тұрады; перцептивті жағы – қарым-қатынасқа түскен адамдардың бір-бірін қабылдау негізінде

өзара түсінушіліктің пайда болуы.

Қарым-қатынас адамның бүкіл психикалық өмір-сүру іс-әрекетін түсіндіреді. Кез келген тұлға секілді, қоғам да оның сыртқы және ішкі қарым-қатынасының өнімі, оның коммуникативті іс-әрекетінің нәтижесі. Бұл пәндік іс-әрекетке де жатады, яғни әсерлі жағдайды туғызатын жайлы, қозғаушы қарым-қатынас. Толыққанды қарым-қатынас жан-дүниені көтереді, адамның психологиялық - жанды потенциалдық толық жылуына жол ашады және керісінше қарым-қатынастың жетіспеуі, оған деген қажыған қажеттілік адамдардың жалпы психологиялық өзгерісіне әкеледі. Барлығы болмаса да, адамдағы көптеген рухани, психикалық немесе әлеуметтік аномалиялар - толыққанды қарым-қатынастың жетпеуінен деп толық айтуға болады. /1/

С.Аманжолов адам тілінің пайда болуын оның ойлай алу мүмкіндігімен байланыстырды. Бұл екі қабілетті де адам жаратылысының, өзге тіршілік иелерінен ерекшелендірудің басты көзі ретінде қарастыра келе, ғалым олардың ажырамас бірлігін өз зерттеулеріне арқау етті, себебі: «Сөйлегенде, айтатын сөзіміз, терең, неше алуан ойымыз, өткір қиялымыз, тереңнен тартып топшылап, алыстан орап, оспақтап я жоспармен сөйлейтін тәртіпті сөйлемдеріміздің тізбегі, толып жатқан ойлардың желісі...» деген тұжырым жасау арқылы зерттеуші тілтанымдық бірліктерді адам ойының жемісі деп түсіндірді, олардың маңызы мен қызметін, тіпті жүйелі құрылу ерекшелігін «толып жатқан ойлар желісімен» /5/ дәйектеді, қиял да, астарлап орағытып сөйлеу де, жоспарлы баяндау да барлығы ойдың жүзеге асу сипаты адамға берер мүмкіндігі ретінде қарастырылды.

Тіл білімінде маңызды да жан-жақты зерттеуді қажет ететін бағыттардың бірін тіл мен ойлау мәселесінен туындайтын теориялық және тәжірибелік-практикалық ізденістер құрайды, өйткені М.Балақаев атап көрсеткендей, «Тіл – адам ойының айнасы... Әдетте ойы айқын кісінің сөзі де анық, дәл болады. Ойы таяз, пікірі күңгірт кісінің сөзі де берекесіз болады» /6/. Демек, тіл адамның ақыл-ойына, сана-сезіміне, қабылдау-пайымына, қарым-қатынас жасай алу қабілетіне тікелей әсер ететін құралдардың бірі болып табылады, сол себепті оның өзге фактілермен қатар психотанымдық ерекшелігі де аса құнды.

Тілді «адамның ұзақ сонарлы ой жұмысының нәтижесі» тұрғысынан зерделеген М.Балақаев /6/

тілдік бірліктердің психологиялық мүмкіндіктерін алдыңғы шепке шығарды, сөйтіп, сөзді «ой өрнегінің мағыналы бөлшектері» деп сипаттай отырып, екеуінің арасындағы байланысты төмендегідей анықтады: «...қарапайым ой қаңқасы да, айқын ойдың көріктеу бояуы да сөз дәлдігімен өлшенеді... Сөз дәлдігі – ой дәлдігі», яғни «...ойлау дегеніміз – ойлай алу қабілетіне ие болу, талқылау, тұжырымдай және қорытындылай білу, баға бере алу», деп дәйктей келе, ғалым ойлау мен сөйлеудің нәтижесінде адамдар арасындағы қалыптасатын қарым-қатынастың мәнін аса зор деп таныған.

Қорыта келгенде, қазіргі қоғамның дамуына лайық терең ойлап, шешен сөйлеу арқылы дұрыс қарым-қатынас орнату дағдысы адам тұлғасының дамуындағы үлкен мәселе болып табылады. Оның психологиялық негіздерін тіл, ой, қарым-қатынас, сана, қабілет, қиял, арман, ішкі ғалам мен сыртқы ғалам, ой өлшемі, сезім, көңіл мейірі және т.б. ұғымдар тізбегі құрайды. Осы аталғандар арқылы адам дүниені, дүниеде болып жатқан құбылыстарды тек сол күйінде ғана қабылдамай, оған өз көзқарасын білдіруге, дүниедегі құбылыстарға баға беруге, оның жинақтық бейнесін жасап, өмірде пайдалана алуға, қоршаған ортадағылармен дұрыс қарым-қатынас орнатуына көмектеседі. Олай болса, қарым-қатынас мәселесінің психологиялық негізі дегеніміз – тіл мен ойлау ұғымдарының сабақтастығын танымдық негізде дәйектеуге мүмкіндік беретін ережелер мен анықтамалар тізбегі болып табылады.

## ӘДЕБИЕТТЕР

1. Леонтьев А.А. Психолингвистические единицы и порождение речевого высказывания. - М., 1969.
2. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы, 1966.
3. Байтұрсынов А. Шығармалары. Өлеңдер, аудармалар, зерттеулер – Алматы: Жазушы, 1989.- 320 б.
4. Аханов К. Тіл білімінің негіздері. – Алматы, 1994.– 496 б.
5. Қосымова Г. Қазақ шешендік өнерінің негіздері және тілдік танымы. – Алматы, 2005.– 295 б.
6. Балақаев М. Әдеби тіл және көркем әдебиет // Жазушы және сөз мәдениеті. – Алматы, 1983. –6-23 бб.

Ш.Т. ТАУБАЕВА

**1971-1991 ЖЫЛДАРЫ КЕҢЕС ӨКІМЕТІ КЕЗІНДЕ БІЛІМ МАЗМҰНЫН  
ҚҰРАСТЫРУ ЖӘНЕ ПЕДАГОГИКА ҒЫЛЫМЫ ӘДІСНАМАСЫ ТЕОРИЯЛАРЫНЫҢ  
ӨЗАРА БАЙЛАНЫСТА ДАМУЫ**

*Аннотация*

*В данной статье раскрывается история развития теорий содержания образования и методологии педагогики в 1971-1991 гг. Дана характеристика этапам становления методологии педагогики.*

*Мақалада 1971-1991 жж. білім беру мазмұны және педагогика әдіснамасы теорияларының даму тарихы қарастырылады. Педагогика әдіснамасының қалыптасу кезеңдеріне сипаттама беріледі.*

*Annotation*

*The given article throws the history of development of theoretical content of education and pedagogic methodology from 1971 till 1991. Characteristics of stages of pedagogic methodology development.*

*Түйін сөздер: дидактика, білім мазмұны, педагогика әдіснамасы, теория, білім беру мазмұны құрамы, білім беру мазмұны құрылымы, оқулық.*

Қазіргі кезеңде дидактика педагогика ғылымының дамыған, неғұрлым қалыптасқан маңызды да күрделі саласы ретінде қоғам дамуының белгілі кезеңдерінде мектеп алдына қойылатын жаңа аса жауапты міндеттерді ойдағыдай шешу барысында үнемі дамып отыратын ғылым. Орта білім беру жүйесінде *дидактика* білім беру мен оқытудың мазмұнын, құрылымын, оқыту заңдылықтары мен ұстанымдарын, ерекшеліктерін, талаптарын, шарттарын, оны ұйымдастыру әдістері мен формаларын және технологиясын, оқыту нәтижелілігін зерттейтін педагогиканың маңызды саласы болып табылады.

Дидактиканың тарихи тамырларын зерттеу – бүгінгі таңда орта жалпы білім беретін мектептегі пәндерді оқыту заңдылықтары мен ұстанымдарын жүйелеу, білім құрылымы мен мазмұнын жетілдіру, жаңа сапалы білімге қол жеткізу үшін аса құнды.

Дидактиканың негізін салған педагог Я.А.Коменский өзінің «Ұлы дидактика» атты еңбегінде дидактика ұғымына анықтама беріп, оның зерттеу нысандарын, ұстанымдарын анықтап, оны ғылыми жүйе ретінде негіздейді, оқытудың әдіс-тәсілдерін ұсынады.

Ресей педагог-дидактары М.Н.Скаткин, Б.П.Есипов, М.А.Данилов, Л.В.Занков, В.В.Краевский, И.Я.Лернер, Ю.К.Бабанский, В.С.Леднев, Б.Гершунский оқыту ұстанымдары,

оған қойылатын дидактикалық талаптар, білім мазмұны мен құрылымы, оқытуды ұйымдастырудың әдістері мен формалары, мектеп оқушыларының меңгеруге тиісті білім көлемі, оқу әрекеттері, пәннің мазмұнына қойылатын талаптар, жаңа оқыту технологияларын ғылыми тұрғыдан пайымдайды. Олардың еңбектерінде: «Білім – адам, қоғам, табиғат, заттар мен құбылыстар жайлы ғылымда жинақталған білім жүйесі; адамзаттың жинақтаған мол тәжірибесі; ұғымдардың, заңдылықтардың, тұжырымдардың, қағидалардың, деректердің, пайымдардың жиынтығы т.б; Білім беру – қоғамдық, әлеуметтік, мәдени құбылыс; қоғам мен мемлекеттің өзінің азаматына қатысты функциясы; тұлғаның мәдениеті, мәдени құндылық; білім, білік, дағды-машықтардың және ойлау құралының жүйесі; ғылыми көзқарастар, шығармашылық қабілеттер мен мүмкіндіктерді дамыту үдерісі; терең сапалы білім негізінде жеке тұлғаның еркін бағдарлай білу, өзін-өзі іске асыру, өзін-өзі дамыту үдерісі; білім, білік, дағды мен іс-әрекеттердің жиынтығы және оны жүзеге асырудағы адамның іс-тәжірибесі; білім берудің тұтастығы, нәтижелілігі т.б. Білім берудің мазмұны – дидактиканың негізгі нысанасы; ғылыми білім мен білік, оқу дағдыларының қалыптасу жүйесі; өзіндік шығармашылық, ізденушілік әрекет тәжірибесі; жеке тұлғаның жан-жақты дамуының сапалық мазмұны мен сипаты. Оқыту – дидактиканың



маңызды категорияларының бірі; оқытушы мен оқушының өзара түсіністік, ынтымақтастық қарым-қатынасы, іс-әрекеті; білім беру, біліктері мен дағдылары, іс-әрекеттерді меңгерту процесі; белсенді шығармашылық әрекетті басқарудың негізгі жолы; сапалы білім беру, тәрбие, дамыту мақсаттарына сай оқушылардың шығармашылығын дамытуға бағытталған арнайы ұйымдасқан іс-әрекеті т.б. Оқыту үдерісі – мұғалім мен оқушылардың мақсаттылыққа бағытталған үйлесімді іс-әрекетінің нәтижесінде жеке тұлғаның толық, терең, сапалы білім меңгеруі, танымдық және өзіндік шығармашылық қабілеттерінің дамуы; біліктер мен дағдыларды қалыптастыру тәжірибесінің көзі» деп қарастырылды.

Педагогика ғылымында білім мазмұны теориясы (М.Н.Скаткин, В.П.Беспалько, В.В.Краевский, И.Я.Лернер, В.С. Леднев, Л.Я. Зорина, А.В. Усова және т.б.), жалпы орта және кәсіптік-техникалық білім мазмұны, сондай-ақ жалпы білім беретін мектептің оқу пәнін құрастыру теориясы жасалынған. Педагогика ғылымының зерттеушілері оқу пәндеріне материал іріктеу ұстанымдарына байланысты барлық идеяларды талқылап отырды. Бұл идеялар ХХ ғасырдың 80-жылдарындағы оқу бағдарламаларын жетілдіруде көрініс тауып отыр. 1965 жылдың өзінде «Советская педагогика» журналында «Ғылым және оқу пәні» атты пікірталас ұйымдастырылып, білім мазмұнын таңдау ұстанымдары туралы мәселе көтерілген еді. «Оқу пәні» түсінігінің дамуында оқытуды ғылыми негіздеу мен жалпы орта білімінің теориялық негіздері әдіснамасы саласындағы іргелі зерттеулер маңызды кезең болып табылады. (В.В.Краевский және т.б.). Бұл ретте «білім мазмұны», «оқу пәні», «ғылым негіздері» сияқты түсініктердің мәні терең зерделенеді, оқу пәндерінің қызметтері анықталды, олардың мазмұнындағы жетекші компоненттер бөлініп алынып көрсетілді, оқу пәндерінің типтері анықталды, шын мәніндегі оқу пәнінің дидактикалық моделі жасалды (И.К.Журавлев). Жоғары оқу орындары пәндеріне қатысты бұл бағыттар қазіргі уақыттың талаптарын ескере отырып қайта жасалды.

Білім мазмұнын құру мәселесімен айналысатын ғалымдар, ғылымның, білім жүйесі ретінде білім мазмұнының құрамына және құрылымына әсер ету үдерісін зерттеп, ғылымның білім мазмұнының барлық құрама бөлшектерінде көрінетінін байқаған. Олар білімнің үш аясын бөліп көрсетеді: жеке пән бөлімдері, танымның

арнайы әдістері жөніндегі бөлімдер және тарихи-ғылыми бөлімдер. Білім мазмұнының білім секілді құрама бөлшектерінде ғылымның барлық құрылымдық бөлшектері көрінеді, алайда оқу пәнінің басты қызметіне байланысты олар әртүрлі болады. Пәндік ғылыми білімдер ғылым негіздері (физика, химия, биология, астрономия, тарих, география) жетекші бөлік болып табылатын оқу пәндерінде ғылымның барлық құрылымдық бөліктері-ұғымынан бастап теорияға дейін көрініс табады (С.И. Архангельский және т.б.).

Зерттеушілер білім мазмұнын анықтау үшін негізгі үш шартты: біріншіден: ғылымның дамушы салаларын түсінуге және меңгеруге, сондай-ақ, соған сәйкес дағдылар мен іскерліктерді игеруге қажетті, жеткілікті деңгейде тұрақты іргелі және қолданбалы білімдердің кейбір көлемдерін анықтау; екіншіден, ғылым мен техниканың сәйкес салаларының негізгі бағыттарын, идеяларын және қарқынын айқындау; үшіншіден, студенттердің жалпы және ғылыми дамуының деңгейіне, олардың дүниетанымына және көзқарастарына қойылатын нақты талаптарды ұсынуды қарастырады.

Ғалымдар анықтаған ғылыми пәннің белгілерін жүйелей және қорытындылай отырып, ғылыми пәнді құрастыру қағидаларын ұсынды:

- пән – білім жүйесінің талабына сәйкес оқытуға бейімделген ғылыми білімдер, процедуралар, әдістер тобы және мазмұны;
- ғылыми пәннің жеке зерттеу пәнінің болуы;
- зерттеу мен оқытуда пайдаланатын әдістер;
- теорияны құрастырудың арнайы тәсілдер;
- әдіснамалық бағдар;
- ғылыми пәннің басқа пәндермен өзара байланыстары;
- басқа пәндер үшін теориялық және әдіснамалық мәнділігі;
- әлеуметтік маңыздылығы: ғылыми мектептер, зерттеуші топтар және т.б.
- пәнді қоғамның мойындау дәрежесі;
- зерттеу нәтижелерінің практикаға қосқан үлестерінің мүмкіндіктері;
- зерттеу міндеттерін шешудің құндылықты мақсаттары мен үлгілері.

Бұл ережеде ғылымның пәндік моделін бағалау үшін жеткіліксіз болып табылады. Зерттеушілердің пайымдауынша, ғылым оқыту үрдісінде белгілі бір бағыт-бағдар бергенмен, бұл оның басты қызметі емес. Оқу пәні ғылымды толығымен қамтымайды, оның негізін ғана білдіреді, себебі оқитын адамның дайындығы мен

жасы, оқыту міндеті ескеріледі, оның негізгі қызметі – оқыту. Пән ғылым жүйесінің нақты көшірмесі болуы міндетті емес. Пән құрылымын анықтауда біліммен қаруландыру міндет бірінші орынға шығарылады. Оқулықты құрастырғанда ғылым мәліметтерінің жана көшірмесі жасалмайды, ғылым жүйеленіп, ұғымдар нақтыланып, тереңдей түседі. Оқулық өзінің негізгі оқыту қызметін атқара отырып, белгілі бір жүйеде құрылады. Кей жағдайда оны құрастырудың осы жүйесі ғылымның өзіне де оң ықпалын тигізеді. Оқу пәні ғылымдағы тиімділерін өзіне кіріктіре отырып, ғылыми нәтижелерді тексеруге қызмет етеді. Ғылыми ұғымдар, оқу пәнінде шығармашылықпен қайта өңделгеннен кейін, ғылымда нақтыланып, өзгерген түрде пайдаланылуы мүмкін.

Бұл тұрғыда оқу пәндері әлеуметтік шындықтың көптеген аймақтарымен байланысқан тарихи дамуда болатын педагогикалық практиканың аясында қалыптасады және қызмет етеді.

Оқу пәнін құрастыру мәселесі белгілі бір дәрежеде білімді іріктеу және сол білім түрлерінің өзі қалыптасқан мәдени қордан алынуының, оқу-тәрбие үрдісіне сәйкес іріктелген білім жиынтығын ретке келтірудің, білім компоненттері мен сол білім түрлерінің өзін ажыратудың, білімді сұрыптау және жіктеудің өлшемдерінің мәселелері болып табылады. Қазіргі педагогикалық әдебиетте оқу пәні бірнеше компоненттерден тұратын құрылымы ретінде көрсетіледі: идеялық-теориялық түйін; базалық (негізгі) мазмұны; қызметтік (қосымша) мазмұны және факультативтік бөлігі.

Осы тұрғыда, оқу пәнінің жобасын құрастыру үшін төмендегідей тапсырмалардың мағынасы зор екендігі дәлелденді. Ол тапсырмалар:

1. Құрастырылатын оқу-танымдық әрекетінің пәндік аймағын анықтау:

- танымдық қызметке кіретін объектілер шеңберін сызып көрсету;
- көрсетілген нысандарды зерттеп-үйрету үшін қажетті ұғымдар, мәселелер мен әдістер тізбегін бағыттап көрсету.

2. Оқу пәні шегінде игерілетін заңдылықтарды тұжырымдау.

Оқу пәні заңдардың, ұғымдар мен ғылыми әдістерінің қарапайым жиынтығы емес, басқа да маңызды компоненттерден тұрады, бұл тұжырма оны оқыту мен тәрбиелеу үшін арнайы жасалған «ерекше білім» деп қарастыруға болады. Ертеректе, оқу пәнін ғылым негіздерінің сино-

нимі деп қарастырады, бұл оның тар мағынасы еді, шындығында оқу пәнінің құрамына түрлі мазмұнды игеру үшін қолданылатын тәсілдер енгізілген.

Оқу пәні-оқыту үдерісінде оқушыны жеке тұлға ретінде тәрбиелеу мен дамытуға бағытталған жалпы орта білім мазмұнын жүзеге асыратын құрал.

Білім мазмұны мен оқыту пәні бір-бірімен мақсат және құрал ретінде байланыста болады. Оқу пәні мен ғылым негіздері – біртұтас ұғым, ал оның құрамдас бөлігі болып табылатын «оқу пәні» құрамы және жүйесі жағынан мазмұнын мен үдерістен құрылған. Оқу пәні 2 блоктан тұрады: негізгісі – мазмұн мен құралдар блогы, немесе, үдеріс блогы.

Оқу пәндері мазмұнындағы жетекші компоненттік рөл атқаратын блоктар:

1. Мазмұндық блок: пәндік ғылыми білім, әрекет тәсілдері; шығармашылық әрекеттегі тәжірибе; құндылық қатынастардағы тәжірибе.

2. Үдерістік блок: қосымша білім кешені; әрекет тәсілдері; үрдісті ұйымдастыру түрлері.

Егер, білім мазмұнын білім мекемесіне берілетін әлеуметтік тапсырыстың педагогикалық түсіндірмесі десек, оқу пәні – білім мазмұнының бөлігі ретінде, ол да әлеуметтік тапсырысқа жатады, сонымен қатар білім алушының жалпы танымдық әрекет заңдылықтары мен оқыту жағдаяттарына сәйкес оқыту барысында білім мазмұнын жүзеге асырады. Оқу пәні – игеруіне тиісті білім мазмұны мен оны білім алушылар игеретін тәсілдерді, олардың тәрбиесі мен дамуын жүзеге асыратын негізгі құрал. Яғни, оқу пәні – білім мазмұнын беруге арналған арнайы педагогикалық үйлесім, бұл жағынан ол біртұтас, соған қарамастан екі бөлімнен тұрады: мазмұндық және үдерістік.

Білім мазмұнының төрт компоненттік құрамы оқу пәндерінің белгілі бір топтарын құрайды. Оқу пәндеріндегі жетекші компоненттер: ғылыми білімдер жиынтығы, әрекеттің белгілі бір тәсілдері, шығармашылық әрекет тәжірибесі, құндылықтар, қатынас тәжірибесі, әлемнің бейнелік көрінісі.

«Кіріктірілген пән» деген ұғым пәндерді жай қосу емес, оқу материалындағы әрекет кірігуі, оның мәні мен өзара байланысы және жинақтылығына қарағанда әлдеқайда тереңде жатыр.

Оқу пәнін құрастыру мәселелеріне байланысты туындайтын заңдылықтар анықталды:

- кез келген оқу пәні көрсетілген типтердің біреуіне жатады және ол өзінің дидактикалық моделіне сәйкес құрастырылуы тиіс;

- оқу пәнінің әр типінің өзіне сәйкес мазмұнын жеткізу, оны игеруді ұйымдастырудың өзіндік жүйесі бар.

Егер пәнінің жетекші қызметі оқушыларды нақты ғылым негізін, оның маңызды ұғымдары мен заңдары жүйесін таныстыру болса, онда оқу материалының құрылымы мен жүйесі ғылыми ұғымдардың даму заңдылықтарын білім алушы санасына сәйкестендіріп жасалуы тиіс. Ал, пәннің жетекші қызметі белгілі бір әрекет тәсілдерін қалыптастыру болса (білік және дағды), онда пәннің мазмұндық, логикалық желісі практикалық қызметті игеру ерекшелігіне сәйкестенуі тиіс: оқу пәндерінің типтері бір-бірінен қызметі мен мазмұндық жетекші компоненттері бойынша ажыратылатын болғандықтан, сол компонентті жеткізу барысында пайдаланылатын оқыту әдістері де сол пәннің типі үшін жетекші ұстанымда болуы тиіс; оқу пәнінің мазмұны оның жетекші компонентінің ерекшелігіне байланысты жүзеге асыру тәсілдеріне сәйкес болып табылады; оқу пәнінің әртүрлі типтерінің ерекшеліктері оқыту әдістерін тануда шектеулік сипатта болады, сондықтан оқыту тәсілдерін іріктеуде пәннің жетекшілік қызметін ескеру керек.

Оқулық – білім мазмұнын оқу материалы деңгейінде нақтылы түрде көрсетудің негізгі формасы.

Г.И. Щукина мен оның әріптестерінің еңбектеріне ерекше көңіл бөлінген жөн, онда оқу әрекетінің мотивтері ретіндегі танымдық қызығушылықтардың қалыптасуына педагогикалық ықпал етудің факторлары неғұрлым толық және жүйелі түрде зерттелген. Сонымен бірге, қарапайым жалпымен қабылданған жүйенің жағдайларындағы оқушылардың мотивациясы зерттелді.

Оқушылардың танымдық қызығушылығының қалыптастыру мәселесі В.Н.Максимова, А.С.Роботова, Г.И.Щукинаның дидактикалық зерттеулерінде қарастырылған. Г.И.Щукина танымдық қызығушылық мәселесін тұтастық тұғырымен талдай келе, «танымдық қызығушылық – тұлғаның таңдаулы бағыттылығы, таным саласына жолдауы, тіршілігіне, белгілі әлеуметтік жағдайларда қалыптасқан тұлғаның маңызды білімді меңгеруі» деп анықтаған. Ғалым сабақты танымдық қызығушылықты оқушының тұрақты танымына айналдыратын сабақтан тыс уақыттың

орнын ерекше бағалап, оған мән береді.

60-жылдардың ортасынан бастап дидактиканың даму барысына жасалған талдау педагогика ғылымының бұл саласында едәуір алға жылжушылық үдерісін байқатты. Бұл ең алдымен оқу-тәрбие үдерісін зерделеуге тұтастық тұғырын қолданудан, оның қозғаушы күштерін анықтауымен, оқушыларды оқыту мен үйретудің заңдылықтарын ашуға ұмтылудан көрінеді. Осы негізде оқушылардың танымдық әрекетін белсендіру мәселелеріне көңіл аудару күшейе түсті және бұл үдерістің мазмұнын ашып көрсетуде белгілі бір жетістіктерге қол жетті. Педагогикалық құбылыстарды терең ойластыру үшін психологиялық зерттеулер нәтижелері кеңінен тартылды, негізгі дидактикалық ұғымдар педагогикалық тұрғыдан терең зерделене бастады. Педагогика ғылымының педагогикалық практикаға қатысты оза отыру рөлі теориялық жағынан негізделді және іске аса бастады.

Дидактика тарихын зерттеушілер жүйелілік тұғырын зерттеу нысанына көшіре отырып, ол нысанды ұғымдардың жиынтығы (оқыту мақсаты, оқыту ұстанымдары, оқыту әдістері, оқытудың ұйымдастырушылық формалары, оқушылар білімін тексеру) деп қарастырды. Сондай-ақ, олар өздерінің жасалымдарының мектептің даму кезеңдерінде оқытудың жетекші міндеттерін шешуге қалай көмектесетін анықтады. Жетекші міндеттер ретінде 20-жылдары оқушыларда белсенділік пен жеке жұмыс істеу қабілетін тәрбиелеу, 30-50-жылдары оқушылардың білім сапасын арттыру, 60-70-жж. оқытуды тұтастық тұғырынан қарастыра отырып, оқушылардың танымдық белсенділігін және шығармашылық ойлауын қалыптастыру ерекше бөлініп көрсетілді.

Бұл мәселелерді ашып көрсету тек танымдық маңызға ие емес. Олар қазіргі дидактиканың теориялық және қолданбалы мәселелерін зерттеуде де аса мәнді. Сондай-ақ жалпы білім беретін мектепте оқу үдерісін жетілдіруге септігін тигізді. Оқушылардың танымдық белсенділігін қалыптастыру мәселесін О.А. Нильсон зерттеді. Танымдық әрекетті ұйымдастыруға қолайлы жәйттерді іздестіру проблемалық оқытудың терең зерттелуіне әкелді (М.И. Махмутов, Т.В. Кудрявцев, А.М. Матюшкин, Т.И. Шамова, Г.И. Щукина және т. б.). И.Я. Лернер проблемалық оқыту теориясын дамытты, оқыту әдістері жүйесінің дидактикалық негіздерін анықтады. Л.Я. Зорина жаратылыстанулық-ғылыми білім беру мазмұнын қалыптастыру тұжырымдамасын жа-



сады. И.К. Журавлевпен бірге ғылым негіздерінен оқу пәнінің дидактикалық моделін құрды. В.С. Цетлин оқушылардың сабақтағы және сабақтан тыс танымдық әрекетін ұйымдастыру, оқытудағы қиындықтар иәселелерін зерделеді. Оқыту үдерісін тұтас талдау Ю.К. Бабанскийге оқу-тәрбие үдерісін оңтайландыру теориясын жасауға мүмкіндік берді.

70-жылдардың екінші жартысынан бастап, жалпы орта білім беру мазмұны теориясын жасау саласында жаңа зерттеулерге талпыныстар басалды.

Білім беру мазмұны мәселесін терең зерттеу «білім беру мазмұны» түсінігін нақтылауды талап етті. Бұл мәселені шешуде И.Я.Лернер маңызды үлес қосты. Оның жасаған тұжырымдамасы бойынша, білім мазмұны әлеуметтік тәжірибеге сәйкес және білімдер, дағдылардан басқа шығармашылық әрекет тәжірибесін және сезімдік өмір тәжірибесін қамтиды. Білім мазмұнының аталмыш бөліктерінің арақатынасы тарихи сипатта және қоғам дамуының талаптарына орай өзгеріп отырады.

Бұл тұжырымдама ПФА-ның В.В.Краевский және И.Я.Лернер жетекшілік еткен топ даярлаған білім беру мазмұны теориясының негізіне алынды. Зерттеулерге сүйене отырып, ғалымдар жалпы орта білім беру мазмұнын қалыптастырудың ұстанымдарын түзді. Біріншіден, жалпы орта білім беру мазмұнының барлық бөліктермен және барлық деңгейлерде қоғам талаптарына сәйкес ұстанымы. Екіншіден, оқытудың мазмұндық және үдерістік жақтарының бірлігін есепке алу ұстанымы: үшіншіден, білім беру мазмұнының қалыптастыру деңгейлерінде, оқыту үдерісінде іске асуының нақты қалыптарына жылжуда да құрылымдық бірлігінің сақталу ұстанымы. Зерттеу барысында жалпы орта білім беру мазмұнының қалыптасу деңгейлері түсінігі пайда болды. түсініктің жалпыдан жекеге жылжу логикасына сәйкес авторлар мына деңгейлерді анықтады: жалпы теориялық түсінік деңгейі (жас ұрпаққа берілетін әлеуметтік тәжірибенің құрамы элементтер) және қоғамдық қызметтері туралы жинақталған жүйелі түсінік; оқу пәні деңгейі; жалпы білім беруде арнайы қызметтер атқаратын мазмұнның белгілі бір бөлігі туралы кең таратылған түсінік; белгілі бір пән бойынша оқулықтарда, есептер жинағында және басқа оқу материалдарында көрсетілген білім мазмұнының элементтерін қамтитын оқу материалы деңгейі.

Білім беру мазмұны оқытуда іске асырыла оты-

рып, келесі деңгейге көшеді. Төртінші деңгей – оқыту үдерісіне ендірілетін нақты білім мазмұнын көрсететін педагогикалық болмыс деңгейі. Ең соңында, бесінші деңгей – тұлға құрылымы деңгейі білім беру мазмұнының оқушы санасында қалыптасқан күйін сипаттайды.

Оқытудың мазмұндық және үдерістік жақтарының бірлігі ұстанымдылық деңгейде маңызды деп көрсеткен С.Г. Шаповаленко.

Бұл кезеңде Педагогикалық ғылымдар академиясының жалпы педагогика институтының дидактика зертханасында М.Н. Скаткин И.Я. Лернер, В.В. Краевский, М. Шахмаевпен бірге «Жалпы орта білім беру дидактикасы» атты ғылыми мектептің негізін салды. Ғылыми мектептің жетістіктерін былайша сипаттауға болады. Олар:

-білім беру мазмұны теориясының мәдениеттанушылық тұжырымдамасы, оның құрамына білім беру мазмұнының көзі әлеуметтік тәжірибе екендігі;

білім беру мазмұнын қалыптастыру деңгейлері: пәнге дейінгі, пәндік, оқу материалы, білім беру практикасы; білім беру мазмұнының құрылымдық элементтері - нәтижелері білімдер болып табылатын танымдық әрекет тәжірибесі; үлгі бойынша әрекет етуді көрсететін әрекеттің белгілі тәсілдерін жүзеге асыру тәжірибесі; мәселелік жағдаяттарда ерекше шешім қабылдау біліктіліктері түріндегі шығармашылық әрекет тәжірибесі; сезімдік-құндылық қарым-қатынасты жүзеге асыру тәжірибесі туралы түсініктер енеді.

-педагогикалық құралдар көмегімен білім мазмұнын іске асыратын оқу пәні теориясы. Ол өзі тұтас бола тұрып, екі бөліктен тұрады: менгерілуге тиісті білім беру мазмұнының бөлімі және оны оқушылардың менгеруі, дамуы және тәрбиеленуі үшін қажет құралдар. Жетекші құұраушы бөлігі негізінде оқу пәндерінің жіктемесі жасалды. Оқу пәнінің мәні, оның қызметтері; мектептің мен білімдік бағдарламалардың жалпы міндеттерін шешу үшін маңыздылығы мен ерекшелігі; материалдарды оқу сатыларына тарту жолдары; әдістемелік жүйе және мақсаттарға жету құралдары; оқу пәнінің мазмұнын таңдаудың, оны оқытудың жалпы логикасы мен ретті оқытылуының негіздемелері; білім беру мазмұнын құрастыруға негіз болатын мәселелер типтері; ғылым мен оқу пәнінің арақатысы.

-оқулық тұжырымдамасы: оқулықтың қызметтері, құрылымы, мазмұндық рәсімделуі, материалды таңдау және беру тәсілдері, мәтінді әңгімелеуге, мазмұнына, тармақшалар ішіндегі



логикалық байланыстарға және оқулыққа, меңгеру аппаратына қойылатын талаптар;

-оқыту әдістері, оқушылардың танымдық әрекетін белсендіру әдістері мен құралдары, олардың шығармашылық әлеуетін дамыту теориясы. Оқыту үдерісіне қатысушылардың – мұғалім мен оқушының әрекетіне, оқыту әдістерінің типтеріне, оқу материалының сипатына, оқушыларды дамыту міндеттеріне негізделген оқыту әдістерінің типтері анықталды және т.б. Сондай-ақ, сабақты ұйымдастыру теориясы жасалды. Оқушылар білімі сапасы зерделенді. Жалпы орта білім беру мазмұнының құрылымын В.С. Леднев оқушыларды мамандық таңдау мен кәсіптік оқуға даярлау тұрғысынан қарастырды. Білім беру мазмұны теориясы аясында оқытудың «оқытудың мақсаты», «оқытудың ұстанымдары», «оқытудың әдістері» сияқты негізгі ұғымдары зерделенді. Аталмыш қағидалардың басым көпшілігі «Орта мектеп дидактикасы» атты ұжымдық еңбекте көрініс тапты.

Қазіргі уақытта осы жетістіктер негізінде дидактика жиырма бірінші ғасырдың оқыту жүйесінің мақсаттары мен міндеттерін нақты зерделеуде.

Ғылымдардың кең арнасы ішінде педагогика ғылымы өзіндік ерекшелігімен айқындалады. Себебі педагогика – қазіргі заманның ең көкейкесті мәселесі – адам, оның тәрбиесі, білімі, болашағы жалпы адамзат қоғамының демократиялық, гуманистік бағыт алуын қарастыратын іргелі ғылымдардың бірі.

Бүгінгі күнде қай ғылым саласы болсын өзінің зерттеу нысаны мен субъектісін жаңаша ойлаумен байланыстырады.

Бұл ғылымдардың әдіснамалық негізін білуді және қазіргі дүниежүзілік ғылыми танымның құралдары мен амалдарын жетілдіруді талап етеді.

Қазақстан Республикасы дүниежүзілік қоғамдастықтың ажырамас бөлігі ретінде демократиялық, құқықты мемлекетті құруға бел байлаған кезеңде ғылымды теориялық жағынан негіздеу қажеттілігі мейлінше арта түседі. Әсіресе қоғамдық ғылымдардың, сонымен қатар педагогика ғылымының әдіснамалық және әлеуметтік мәнән арттыру, жеке адамның тұлға ретінде қалыптасуы міндеттерін болжап білу мейлінше айқын қойылуы тиіс.

Ғылымның жедел дамуы, шындық дүниенің нақты бір мәселесін зерттеу, оның әдіснамасын талдаумен байланыста.

Педагогика ғылымының әдіснамасы біріншіден, жалпы әдіснама ғылымынан туындайды; екіншіден, қоғамдық ғылыми жүйенің даму үрдісін оқып-үйренумен және зерттеумен байланысты болады; үшіншіден, педагогикалық құбылыстардың жағдайлары туралы теориялық ұстанымдар мен оларды зерттеу әдістері қарастырылады; төртіншіден, жаңадан алынған білімдерді тәрбие, оқыту білім беру ісіне енгізумен анықталады.

Соңғы жылдары жалпы ғылымның әдіснамасымен бірге, әсіресе, педагогика ғылымының әдіснамасына көбірек назар аударылып келеді. Себебі тәрбие мен білім беру мәселесін шешу қоғамның сапалық жаңа деңгейге көтерілуінің кепілі болатындығын өркениетті елдер тәжірибесі дәлелдеп отыр.

Бұл жағдайда зерттеудің тақырыбын, мазмұнын, идеясын, пәнін, т.б. ғылыми аппаратын бірлікте, тұтастықта шешу үшін анық әрі дәл әдіснамалық негіз өте қажет. Сонымен қазіргі кезде көптеген әлемдік мәселелерді шешуге педагогика ғылымының да айтарлықтай үлесі бар. Солардың ішінде педагогиканың әдіснамалық мәселесін, педагогиканың әдіснамалық проблемасын, педагогиканың ғылым ретіндегі пәнін айқындау - басты мәселе. Қоғамдық өмірдің барлық саласындағы саяси, әлеуметтік экономикалық, рухани ағартуда, т.б. жүріп жатқан іргелі жаңарулар, сайып келгенде, адам мәселесіне келіп тіреледі.

Ғылыми дәстүрдің сабақтастығы педагогика ғылымының түрлі салаларының өзара кірігуін жаңа дәрежеге көтереді, ол үшін теориялық тұжырымдамалар жасауда әдіснамалық мәселені қарастыру талап етіледі.

Алғаш әдіснама грек сөзінен алынған, әдіс туралы ғылыми немесе әдіс теориясы деген мағынаны білдіреді. Ал философиялық энциклопедияда: «Әдіснама – дүниені философиялық тұрғыдан түсіндіретін ілім. Жеке ғылымдарға әдіснамалық тірек – диалектикалық материализм» деген тұжырым жасалған.

Әдіснама ғылыми танымның тұғырлары және әдістерінің теориялық мәселелерімен шұғылданады және ғылыми зерттеулердің заңдылықтарын шығармашылық үдеріс ретінде қарастырады, ғылыми таным іс-әрекетінің мәнін ашады. Педагогиканың әдіснамасы педагогикалық құбылыстар мен үдерістерді зерттейді. Ол педагогикалық теория тұрғысынан негізгі білімдер мен құрылымдарды бір жүйеге келтіреді. Сонымен әдіснама – теориялық жүйе туралы

ғылыми ілім. Әр ғылым өз ішіндегі әдіснамалық мәселелерін талдайды, негізгі қағиданы құрайтын ғылыми танымның жалпы ортақ әдіснамасы алынады.

Сонымен, диалектиканың барлық заңдары біріге отырып, нақты әржақты құбылыстардың және үдерістердің даму үрдісін және байланысын, ең негізгісін, бәріне ортақ мәнін көрсетеді. Нақтылы жағдайда табиғат заңдылығын және қоғамдық өмірдің мәнін терең және дұрыс тануды, олардың әр түрлі факторларға ықпалын зерттеу, даму бағытын түсіну, соның негізінде жобалау, болжам жасау және қойылған міндеттерді тиімді шешуге, практикалық әрекет жасауға негіз болады.

Педагогиканың әдіснамасы өзінің үдерістік онтогенетикалық, қызметтік, құрылымдық-морфологиялық жүйелілігі арқылы педагогикалық метабілімнің келесі ірі блоктары арқылы көрініс табады.

1. педагогиканың әдіснамасы туралы жалпы түсінік, оны анықтауға қажет тұғырлар;

2. педагогиканың әдіснаманың ұғымдық аппараты;

3. педагогиканың әдіснамасының қызметтері және әдіснамалық білімдер құрылымы;

4. әдіснамалық бағдарлар жиынтығы, педагогика әдіснамасының даму кезеңдері және үрдістері.

Кеңес Одағы тұсында педагогика саласы мамандарының біліктілігін арттыру бағдарламасында жоғары оқу орындары оқытушылары арнайы әдіснамалық даярлықтан өтетін. Оның жоспарында педагогиканың әдіснамасы:

- педагогика ғылымындағы зерттеу әрекетінің бағыттарын, мақсатын және құрылымын, сондай-ақ жаңа білім арудың ұстанымдары мен әдістерін анықтайтын жалпы гносеологиялық нұсқаулар жүйесі;

- педагогикалық зерттеу үдерісі және оны қамтамасыз ететін әдістері зерттеу пәні болып табылатын педагогиканың әдіснама аясындағы арнайы пән;

- ғылыми әдістер туралы теориялық ілім;

- әдіс, педагогикалық зерттеудің негізін құратын жалпы ұстанымдар, қағидалар мен әдістер жүйесі;

- жаңа педагогикалық білімге қол жеткізетін тәсілдер туралы білімдер жүйесі;

- қайсыбір теория немесе зерттеу бағдарламасын қабылдайтын немесе жоққа шығаратын ережелер деп оқытылды.

Зерттеуші педагогтар зерттеудің бағытын, мәселесін және тақырыбын анықтай алуға, педагогиканың әдіснамасы тұрғысынан зерттеу тақырыбының көкейкестілігін негіздей алуға, әдіснамалық тұғырлардың мүмкіндіктерін өз зерттеуінің пәніне көшіре алуға, пайдалануға, өз зерттеуінің нәтижелерін рәсімдеу және жариялауға, ғылым әдіснамасы туралы пікір сайыстарға қатысуға, ғалымдардың ғылыми-зерттеушілік бағдарламаларына, авторлық білім беру бағдарламаларына сараптама жүргізе білуге тиянақты үйретілді. Педагогикада диалектикалық материалистік әдіс барлық педагогикалық құбылыстарды зерттеудің негізіне алынады. Педагогика теориясы мен педагогикалық тәжірибенің өзара байланысын зерттеу педагогиканың әдіснамалық міндетіне жатады. Педагогикалық зерттеулердің тәжірибеде қолданылған жүйесінің кейбір кезеңдері мыналар болды:

-зерттеу мәселесі, оның мақсаты мен негізгі идеясын шешу, анықтау;

-зерттеу міндеттерін белгілеу. Барлық салалар бойынша және оларды сипаттайтын нақтылы материалдар жинап, оны талдау;

-алдын ала болжамдар ұсыну;

-педагогикалық зерттеудің әдістерін айқындау;

- педагогикалық тәжірибе жасау;

-тәжірибе нәтижелерін теориясымен салыстыру;

-алынған нәтижелерді қортындылау, баға беру, зерттеу міндеттеріне сай негізгі идея мен мақсаттың орындалуын көрсету;

-жүргізілген зерттеу нәтижелерін тәжірибеге енгізу, педагогикалық ұсыныстар жасау.

Педагогиканың әдіснамасы жаңа педагогикалық білім алу тәсілдері туралы білімдер жүйесі болып табылады. Кең мағынада ол білімдерге теория, пәннің жалпы ғылымилық және арнайы зерттеу әдістері, ал тар мағынада – жаңа ғылыми–педагогикалық ақпаратты алудың, талдаудың, түсіндірудің әдістерінің жиынтығы.

Қазіргі уақытта ғылыми қауымдастықта педагогика әдіснамасының ғылыми мәртебесі қалыптасты деуге болады. Педагогиканың әдіснамасы ғалымдардың түсіндіруінше:

-теориялық жүйе, педагогиканың ғылыми жүйе ретінде дамуының жаңа әдістерін және эмпирикалық жүйе ретіндегі педагогикалық практиканың нысандарын жобалаудың жаңа әдістерін іздестірумен байланысты әрекет жайлы ғылыми білім; осы әрекетті ұйымдастыру

ұстанымдары, мазмұны, құралдары мен нәтижелері туралы білім;

-педагогикалық болмысты ғылыми тану мен қайта құру әдіснамасы педагогика ғылымын және педагогикалық практиканы дамыту әдіснамасы ретінде араласып кетпейді және әртүрлілік ретінде тұтас бірлікте болады.

Педагогиканыың әдіснамасы (грекше. *metodos* – зерттеу немесе таным жолы және *logos* – сөз, ілім) түрлі мағналарда, мәндерде және қырларда түсінілуі мүмкін. Әдебиетке талдау әртүрлі авторлардың бұл мәселеге көзқарастары жақындай түскен тәрізді. Педагогика әдіснамасы педагогтардың ғылыми-танымның тиімділігі мен нәтижелілігіне жетуді қамтамасыз етудегі әрекетінің құрылымы, логикалық ұйымдастыруы, әдістері мен тәсілдері, олардың мақсаттары мен қызметтері туралы ілім деп айтылып жүр.

Педагогика әдіснамасының пәні кең мағынада оны педагогикалық болмыс пен педагогика ғылымындағы оның көрінісінің арақатынасы деп анықтайды. Педагогиканың әдіснамасының пәні – тар мағынада – педагогика ғылымы педагогтардың ғылыми-зерттеу әрекетін ұйымдастыру сипаты мен ерекшеліктеріне тәуелді.

Педагогика әдіснамасының тарихын зерделеу, дамуының логикасы мен үдерістерін ашып көрсету педагогика ғылымының XIX ғ. соңынан және XX ғасыр бойы төмендегі жәйттерді мүмкін етуімен шартты байланыста болады:

-педагогика ғылымы мен практикасының негізіне жататын ғылыми-педагогикалық ізденістегі жаңа әдіснамалық негіздемелер мен бағдарламалардың пайда болу көздерін, олардың жаңа идеялармен немесе болжамдармен баюының көздерін нақтылау және ашып көрсету;

-ғылыми қауымдастықта танымал және мойындалған педагогикалық идеялардың, тұжырымдамалардың немесе теориялардың дамуының әдістері мен тәсілдерін жүйелеу.

Бұл педагогикада әдіснамалық дәстүрлердің – педагогикалық әдіснаманың кезеңдік даму тарихының қалыптасып келе жатқанын көрсетеді.

XX ғасыр мен XXI ғасырдың басында педагогикалық әдіснаманың жеке ғылыми бағыт ретінде дамуының іргелі негіздері салынды. Олар:

1) педагогикалық әдіснаманың нысаны мен пәні (П.Ф. Каптерев, А.С. Макаренко, Ф.Ф. Королев, М.А. Данилов, В.В. Краевский және басқалар);

2) педагогикалық әдіснаманың мәні мен ере-

кшелігі, оның қызметтері және философиядан ұстанымдық өзгешелігі, ғылымдардың жалпы әдіснамасындағы орны (Ф.Ф. Королев, М.А. Данилов, М.Н. Скаткин, В.В. Краевский, И.Я. Лернер, В.Е. Гмурман, В.И. Загвязинский, Г.В. Воробьев және басқалар);

3) педагогикалық зерттеулер әдістері және олардың даму логикасы (Ю.К. Бабанский, В.И. Загвязинский, М.Н. Скаткин, В.С. Шубинский және басқалар);

4) педагогикалық зерттеулер типологиясы және ұйымдастыру логикасы (В.И. Загвязинский, В.М. Полонский және басқалар);

5) педагогикалық болмыс туралы табиғатынан диалектикалық болып табылатын эмпирикалық және теориялық білімдер жүйесінің дамуы және жанаруы (Н.В. Бордовская және басқалар).

6) педагогиканың әдіснамасының даму тарихы кеңестік кезеңде ғылыми білімнің арнайы саласы ретінде 1960-жылдары қалыптаса бастауы (С.И. Колташ);

7) педагогикалық зерттеулердің барысы мен нәтижелерін талдауда іргелі және қолданбалы қырларының арақатынасының сипатын анықтау (В.В. Краевский, Е.В. Бережнова және басқалар).

Бір ескерте кететін жәйт, әдіснамашы ғалымдардың басым көпшілігі әдіснамалық мәселелер бойынша тұжырымдарын педагогика саласындағы зерттеулері аясында жасады. Сондықтан М.Н. Скаткин, Ю.К. Бабанский, В.В. Краевский, В.И. Загвязинский және басқалар дидактикада да, әдіснама саласында да ғылымға қомақты үлес қоса алды. Осы кезеңде дидактикалық зерттеулердің типтері мен әдістері жан-жақты М.Н. Скаткиннің «Педагогикалық зерттеулердің әдіснамасы мен әдістемесі» атты монографиясында (1986), В.И. Загвязинскийдің «Дидактикалық зерттеулердің әдіснамасы мен әдістемесі» атты кітабында қарастырылды. Сол себепті біз бұл ғалымдардың еңбектерін саралағанда оларды әрі дидакт, әрі әдіснама саласының майталмандары деп таныдық.

1969–1991 жылдар аралығында өткізілген педагогика ғылымының әдіснамасы мен әдістемесіне арналған Бүкілодақтық әдіснамалық семинарларда педагогика теорисының жасалуы, педагогикадағы жүйелілік тұғыр, теориялық зерттеулердің тиімділігін арттыру, тәрбиенің әдіснамалық негіздері, педагогикалық зерттеу әдістері, педагогикалық экспериментті ұйымдастыру, озат педагогикалық тәжірибені жинақтау, үздіксіз білім беру мәселелері кеңінен

талқыланып, ғалымдар нақты тұжырымдарды ғылым мен практикаға ұсынып отырды. Осы тұста педагогиканың ұғымдық-түсініктік аппараты жасала бастады. Ғалымдар ғылыми зерттеулердің сапасы мен тиімділігін арттыру мәселерін тиянақтады ( М.Н. Скаткин, В.М. Полонский және басқалар).

Әдіснамашы ғалымдардың ізденістерінің нәтижелері белсенді ғылыми-әрекет кезеңдеріне сәйкес педагогикалық әдіснаманың дамуының жалпы барысына енгізілді.

- 1960 жылдардың аяғы 1970 жылдардың басындағы педагогикадағы әдіснамалық үдерістің бірінші кезеңі педагогика әдіснамасының пәндік алаңын нақтылауымен, педагогика әдіснамасының құрылымы мен қызметтерін ашып көрсетумен, педагогиканың философиямен әрекеттесуінің тиімді тәсілдерін анықтаумен ерекшеленеді.

- Педагогикадағы әдіснамалық дәстүрдің қалыптасу үдерісінің екінші кезеңі (1980-1990-шы ж.ж). педагогикалық зерттеулердің әдіснамалық мәселелерінің кеңейтілуімен және ол мәселелердің ғылыми қауымдастық мақұлдаған белгілі бір әдіснамалық бағдардың басым болуымен сипатталады. Бұл кезеңде педагогиканың әдіснамасының жүйелілік-әрекеттік табиғаты мен сипаты анық көріне бастады. Екінші кезеңде әдіснамалық талдаудың негізгі типтері – философиялық-педагогикалық бастауы (М.А. Данилов және басқалар) және әрекеттік-педагогикалық (В.В. Краевский және басқалар) пайда болды.

Үшінші кезеңде (XX ғ.соңы мен XIX ғ. басы) ғалымдар тағы да педагогика ғылымы мен практикасының даму үрдісін талдауда әдіснамалық мәселелерге қайта оралды. Педагогиканың әдіснамасының дамуына М.А.Даниловтың, Ф.Ф.Королевтің, В.В.Краевскийдің ғылыми еңбектерінің маңызы аса жоғары болды. М.Н. Скаткиннің, Я.С.Турбовскойдың, В.И.Журавлевтің, Ю.К.Бабанскийдің, В.И. Загвязинскийдің, А.В.Коржуевтің, Л.И. Новикованың, Я.Скалкованың, Н.Д.Никандровтың, В.Е. Гмурманның, В.С. Шубинскийдің, В.М.Полонскийдің, Б.С.Гершунскийдің және тағы басқа әдіснамашы педагогтардың еңбектерінде педагогикалық зерттеулердің әдіснамасы мен әдістемесі жан-жақты көрініс тапты. Педагогикалық әдіснаманың даму тарихы, педагогика саласындағы әдіснамалық білім, педагогикалық әдіснаманың құрылымы мен қызметтері педагогикалық зерттеулер

сапасын бағалау мәселелері ерекше ғылыми тұрғыда талданып, Бүкілодақтық әдіснамалық семинарларда үлкен сынақтан өтіп, ғылыми қауымдастыққа ұсынылды.

Сонымен, қарастырылып отырған кезеңде педагогика әдіснамасы саласындағы жетістіктерге ғалымдар жаңа педагогикалық идеялар іздегенде және жаңа педагогикалық теория жасағанда, педагогика ғылымы мен практикасының байланыстарының жаңа типтерін қарастырғанда, педагогикалық жобалау мен модельдеудің жаңа әдістерін іздестіргенде сүйенеді. Педагогикадағы әдіснамалық дәстүрді талдау 1971-1991жылдары педагогика әдіснамасы белсенді дамыған және шын мәніндегі жүйелі әдіснаманың өрістеуіне кең жол ашты деуге әбден болады.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Бабанский Ю.К. Избранные педагогические труды. – М.: Педагогика, 1989. – 560 с.
2. Загвязинский В.И. Методология и методика дидактического исследования. – М.: Педагогика, 1982. – 160 с.
3. Зорина Л.Я. Дидактические основы формирования системности знаний старшеклассников. – М.: Педагогика, 1978. – 128 с.
4. Краевский В.В. Проблемы научного обоснования обучения (методологический анализ).-М.: Педагогика, 1977.-264 с.
5. Лернер И.Я. Дидактические основы методов обучения. – М.: Педагогика, 1981. – 186 с.
6. Леднев В.С. Содержание образования: сущность, структура, перспектива. – М.: Высш.шк., 1991. – 224 с.
7. Полонский В.М. Оценка качества научно-педагогических исследований. – М.: Педагогика, 1987. – 144 с.
8. Скаткин М.Н. Методология и методика педагогических исследований. (В помощь начинающему исследователю). – М.: Педагогика, 1986. – 152 с.
9. Усова А.В. Формирование у школьников научных понятий в процессе обучения. – М.: Педагогика, 1986. – 176 с.
10. Щукина Г.И. Проблема познавательного интереса в педагогике.- М.: Педагогика, 1971.- 352 с.
11. Унт И. Индивидуализация и дифференциация обучения. – М.: Педагогика, 1989. – 192 с.



Ф. ОРАЗАҚЫНҚЫЗЫ

## ҚЫТАЙ ХАЛЫҚ РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ЖОҒАРЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУДЕГІ РЕФОРМА

*Аннотация*

*Мақалада автор Қытайдағы жоғарғы педагогикалық білім беру перспективасын және қазіргі күйіне талдау жасайды, осы бағыттағы қиыншылықтарды қарастырады.*

*Автор анализирует современное состояние и перспективы высшего педагогического образования в Китае, рассматривает трудности и проблемы, возникающие на этом пути.*

*Annotation*

*The author analyses the modern state and perspectives of higher pedagogical education in China, considers difficulties and problems arising on this way.*

*Түйін сөздер: реформа, педагогикалық білім беру, Қытай.*

Қытайда жүргізілген реформалар қоғам өмірінің барлық жақтарына өз әсерін тигізген. Дэн Сяопин ғылым мен техниканың дамуы басты рөл атқаратындығын атап көрсеткен, және бұл өз кезекте білім берудің және кадрларды даярлаудың жетілдірілуісіз мүмкін болмайтындығын айтты. Ол халық пен мемлекет өмірі жақсаруы үшін «халық сапасын» жетілдіру қажет деп көрсеткен. «Халық сапасы» тұрғындардың денсаулық жағдайымен қатар оның білімділігі мен еңбек біліктілігімен, сонымен қатар белгілі бір адамгершілік және моральдық құндылықтарға ие болуымен, кезкелген тұлғаға өз әлеуетін жүзеге асыруға мүмкіндік берумен айқындалады. Сондықтан Дэн Сяопин оқыту мен тәрбиелеу мәселелеріне баса назар аударған, бұл мәселелерді шешудегі мұғалімнің рөлін атап көрсеткен, қоғамда педагогтың беделін арттыруға өз үлесін қосқан.

Ұлттық дәстүр мен қазіргі заманғы жаңарту теориясының негізінде Қытай ХХІ ғ. басында қоғамдық қозғалыстағы білім берудің басымды стратегиялық рөлін жария етті. 1995 ж. «Білім беру туралы» Заңы «білім берудің басым дамуының мемлекеттік кепілдігін» бекітті (оның ішінде міндетті білім беруді артық бюджеттік қаржыландыруы, бір қатар білім беру ұйымдар және олардың инвесторлары үшін салықтық жеңілдіктері туралы ережесі арқылы). Сонымен қатар 1993 ж. «Қытайдағы реформа және білім беру дамуының бағдарламасында» да, Заңда да бюджеттік табыстардың өсуімен салыстырғанда білім беруге салымдары өсудің жеделдетілген темптер арқылы экономикалық өсуге қатысты білім берудің қарқынды дамуы анықталған.

Реформалардың «сәулетшісі» Дэн Сяопин

«социалистік модернизацияға» бағытын жариялады. Алдыға қойған мақсатқа жету үшін жалпы білім беру жүйесін, сонымен қатар міндеттеріне жаңа буынды қытай интеллектуалдарын даярлау ісі жататын педагогикалық кадрларды даярлау жүйесін қайта қалыптастырылуына бағытталған бір қатар шараларды іске асыруы талап етілген.

Коммунистік Қытайдың партиялық функцияларлары мұндай реформалардың қажеттілігі бар екендігін мойындады. Бұған Дэн Сяопиннің айтылған пікірлері мен ҚКП ХІІ, ХІІІ және ХІҮ съезінде қабылданған резолюциялары дәлел бола алады.

Білім беру жүйесінде өткізілген реформалар аясында қытай мұғалімі мен оқытушылардың қоғамдағы орны өзгерді. Бұл әлеуметтік және кәсіби тобы, алғашқыда сыйлы болып, кейіннен социализм негіздерін құру жылдарында күрделі өзгерістерді бастан кешіп, «мәдениет төңкерісі» кезеңінде репрессияға тап болды. Мұндай күйзелістен кейін қытай мұғалімдерін әлеуметтік және кәсіби оналту міндеті күн тәртібіне қойылды. Бұл міндет шешілмейінше тек білім беру ұлттық жүйесінің ғана емес жалпы елдің де ары қарай қарқынды дамуы мүмкін емес, өйткені қазіргі дәуір мұғалім мен оқытушы қалыптастыратын адамның білімді деңгейіне қатаң талаптар қоюда.

Мұғалімдердің құқықтық мәртебесі 80-90-шы жж. нормативтік актілерінде анықталды. Бұл орайда ҚХР заңнамаларында түрлі деңгейлі білім беру мекемелерінде мұғалім кәсібінің әлеуметтік-саяси рөлі мен мұғалімдердің қызметін анықталу, сонымен қатар арнайы педагогикалық білім беру жүйесін қайта ұйымдастыру мәселелеріне баса назар аударылған.

ҚХР заңдары мұғалімді «адамдарды оқыту және тәрбиелеу мәселелерімен айналысатын, социализм құрушылары мен бұл істі жалғастырушыларын даярлайтын, ұлттың сапалы қасиеттерін арттыратын» және «кәсіби деңгейде оқыту мен тәрбиелеумен айналысатын түрлі оқу орындары мен басқа білім беру құрылымдарында» жұмыс істейтін маман ретінде анықталады.

Педагогикалық қызметіне тағайындалудың формалды негізі (мұғалім мәртебесін алу) «оқытушылық цензді» алу болып табылады. Бұл категория қазақстан білім беру құқығына белгілі емес сондықтан біз оны толығырақ түсіндіруге тырыстық. «Оқытушылық (мұғалімдік) ценздің» құқықтық сипаты екі құжатпен – «Оқытушылар туралы» Заңымен және «Оқытушылық ценз туралы ережесімен» түсіндіріледі.

Оқытушылық ценздің жүйесін мемлекет құрайды, қадағалайды және өзгертіледі. Мемлекет атынан Мемлекеттік Кеңесінің сәйкесті бөлімі мен Білім министрлігі қызмет етеді. Бұл жүйенің арқасында оқыту құқығына педагогикалық білімі бар, сонымен қатар мұндай білімі жоқ, бірақ оқытушылық цензді алу үшін мемлекеттік емтихандардан (тестілеуден) өткен ҚХР-дың кез келген азаматы ие бола алады. Педагогикалық оқу орынның түлегі дипломын ала отырып, өз біліктілігін растайды және оның дипломында көрсетілген мамандығына сәйкес оқытушылық цензін автоматты түрде алады.

Байқағаныңыздай, қазіргі Қытайда мұғалімге өте қатаң талаптар қойылады. Бір жағынан, бұл қатаңдықты қытай мәдениетінде білім берудің атқаратын рөлімен және қытай мемлекетінің саяси-идеологиялық доктринасы үшін оның маңыздылығымен ақтауға болады.

ҚХР реформалардың барысында білім беру мәселелері бойынша орталық және жергілікті билік органдарының күзіреттілігі бөлінген.

Орталық органдардың күзіретіне түлектерді аттестациялануын (емтихандар жүйесі) ұйымдастыру, оқу орнын бітіргендігін растайтын құжаттарын беру оқытушыларға ғылыми дәрежелерді беру мәселелері жатады. ҚХР Мемлекеттік кеңестің күзіреттілігіне «жоғары білім беру жүйесін жалпы басқару», ҚХР орталық билік органдары тікелей басқаратын жоғары оқу орындарының мәртебесін құрылу немесе өзгертілуіне берілетін рұқсат қағаздарын беру мәселелері де жатады. Сонымен қатар жергілікті

органдарға бағынатын жоғары оқу орындарына қатысты бұл құқық провинциялар, автономиялық аудандары және орталыққа бағынатын қалалардың сәйкесті әкімшілік органдарына берілуі мүмкін.

Жергілікті билік органдары (Білім беру жүйесін басқаратын Мемлекеттік кеңестің құрылымдық бөлімшелері) елдің жеке алынған аймағының ерекшелігіне қарай әр сатыда оқу мерзімін жеке айқындайды. Сондай-ақ, жергілікті халықтық үкіметінің күзіреттілігіне балалар мен жас өспірімдердің тұрғылықты мекен-жайларына жақындығын ескере отырып, бастауыш және толық емес орта мектептеріне «рационалды түрде орналастыру» мәселелері жатады.

ҚХР заңнамаларында оқу орындар құрылуы мүмкін жағдайлары белгіленген. Оқу орынның құрылымы және жарғысы, біліктілігі бойынша оқу орынның бағытына сәйкес келетін оқытушылар құрамы, мемлекеттік стандартқа сәйкес келетін жабдықталуы мен материалдық базасы және «қаржыландырудың сенімді көздері» болуы тиіс.

Соңғы талабы жеке және ведомстволық оқу орындары үшін өзекті мәселелердің бірі болып табылатын, өйткені мемлекеттік білім беру мекемелер орталық және жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын. «Білім туралы» Заңында білімге бөлінетін шығындардың үлесі түрлі сатыдағы қаржы шығындардың жалпы көлемінен халық шаруашылығы дамыған сайын арттырылуы тиіс деп көрсетілген.

Жоғары педагогикалық білім беру саласында, әсіресе елде реформалар орын алғаннан және сыртқы әлемге ашық болғаннан бері Қытай маңызды жетістіктерге қол жеткізгенімен, кейбір шешілмеген мәселелер әлі күнге дейін бар. Қытайдың қазіргі заманғы жоғары педагогикалық білім беру жүйесі социалистік нарықтық экономика талаптарына сәйкес келмейді. Сондықтан жоғары педагогикалық білім беру саласында орын алған мәселелерді зерделеп талдау қажет, құнды тарихи тәжірибені қорытындылап, пайдалы шетелдік тәжірибені зерттеп жоғары педагогикалық білім беру реформаларын өткізу қажет.

## ӘДЕБИЕТТЕР

1. Дэн, Сяопин. Основные вопросы современного Китая. – Пекин, «Халық» баспасы, 1988.
2. Чжу, Сяомань. Реформа содержания образования в Китае. – Пекин, «Білім баспасы», 2005.

Ж.Қ. ИБРАИМОВА

СТУДЕНТТЕРДІҢ ТҮЛҒАСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ТӘРБИЕНІҢ МАҢЫЗЫ

Аннотация

Мақалада тұлғаның өзін-өзі тәрбиелеу мәселесі қарастрылған. Тұлғаның өзін-өзі тану ерекшеліктері сипатталған. Қайта тәрбиелеудің бірнеше кезеңдері анықталып, жолдары көрсетілген. Өзін-өзі тәрбиелеудің тиімді бағдарламасының талаптары жайында мәселе көтерілген.

В статье раскрываются проблемы самовоспитания. Характеризуются особенности самопознания личности. Определены некоторые ступени и показаны пути перевоспитания. Рассмотрена проблема о требованиях эффективной программы самопознания.

Annotation

The article speaks about some problems of self-education. There have been characterized a particular self-identity. Identified a number of steps and given the path of rehabilitation. The author considers the problem of requirements of an effective self-education.

Түйін сөздер: тұлға, тәрбие, қайта тәрбиелеу, өзін-өзі тәрбиелеу, өзін-өзі бағалау, өзін-өзі дәлелдеу, өзін-өзі жетілдіру.

Әрбір тұлға өзінің кемшіліктерін анықтауы қажет. Өзін-өзі бағалау барысында студенттер өздері жойғысы келетін кемшіліктерін табады. Бұл кемшіліктердің шығу табиғаты әр түрлі болуы мүмкін. Бір жағынан, студент өз кемшілігін жағымды қасиеттің даму мөлшерінен қалып қойғаны ретінде қабылдауы мүмкін. Екінші жағынан, ол кемшілік ретінде өзінің идеалындағы бар қасиетке қарағанда өзіндегі жағымды қасиеті жеткілікті дамымаған деп санайды. Мұндай жағдайда кемшілікті маңайындағылар байқамайды, сондықтан оны жоюдың өзіндік бастамасы маңызды рөл атқарады.

Студенттің жағымсыз қасиеттерін кейде оның кемшілігі деп түсінеміз. Өзін-өзі тәрбиелеу мақсатында жағымды қасиеттерді дамыту қажеттілігіне қарағанда, мұндай жағдайдағы өзін-өзі тәрбиелеу бойындағы жағымсыз қасиеттерді жоюды, яғни қайта тәрбиелеуді қарастырады. Қайта тәрбиелеу дегеніміз ескі жағымсыз таптаурынды жою деген сөз, міне осыдан келіспеушілік пайда болады.

Қайта тәрбиелеу бірнеше кезеңдерден тұрады. Дайындық кезеңі ішкі келіспеушіліктің пайда болуына себеп болатын алғышарттардың қалыптасуымен сипатталады. Тәрбиенің арқасында студенттің бойында ескі машықтары мен бейімділіктері қайшылықта болатын мінез-құлықтың жаңа түрлері қалыптасады.

Екінші, келіспеушілік кезеңінде, студенттер жағымсыз машықтарынан бас тартып, адамгершілік қасиеттерін тұлғасына сіңіреді. Қайта тәрбиелеудің үшінші кезеңі өзінің жағымды идеалдарына еліктеп, өз кемшіліктеріне риза болмай, өзін-өзі тәрбиелеуге ұмтылады.

Кемшіліктерді жоюды мақсат ететін өзіндік тәрбие өзін-өзі тәрбиелеудің бағдарламасы бар болса ғана жүзеге асырылады. Ол өзін-өзі тәрбиелеуге қағысты белгілі бір іс-әрекетті жүзеге асыруды өзінің алдына міндет етуден, өз-өзіне сөз беруден тұрады. Көптеген адамдарға өзінің алдындағыға міндеттері мен өзіндік ережелерін жазбаша түрде жасап қоюының әрекеттері өзін-өзі тәрбиелеу бағдарламасын анығырақ құрастыруға, есінде жақсырақ сақтап қалуына, өзін-өзі тәрбиелеу бағдарламасы мен ережелерін «заңдастыруға» мүмкіндік береді.

